

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы  
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



**«100 жаңа есім» жобасының қаһармандары – ұлттың «алтын» қоры»**

**Әдістемелік ұсынымдар**

**«Герои проекта «100 новых лиц» – «золотой» фонд нации»**

**Методические рекомендации**

Астана  
2019

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2019 жылғы 14 наурызында № 3 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 3 от 14 марта 2019 года)

«100 жаңа есім» жобасының қаһармандары - ұлттың «алтын» қоры». Әдістемелік ұсынымдар. - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 69 б.

«Герои проекта «100 новых лиц» - «золотой» фонд нации». Методические рекомендации.- Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2019. – 69 с.

Әдістемелік нұсқаулықта орта мектептердің оқу бағдарламасы шеңберінде жекелеген пәндерді оқыту кезінде, сондай-ақ білім алушылармен сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру барысында ғылым, бизнес, мәдениет, медицина және спорт саласында керемет жетістіктерге жеткен «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпаздары туралы материалдарды пайдалану бойынша ұсыныстар берілген.

Бұл материалдар педагог қызметкерлерге, әдістемелік кабинеттерге және балаларға қосымша білім беру орталықтарына әдістемелік көмек көрсетеді.

В методических разработках представлены рекомендации по использованию материалов победителей проекта «100 новых лиц Казахстана» о выдающихся достижениях в области науки, бизнеса, культуры, медицины и спорта при изучении отдельных предметов в рамках учебной программы общеобразовательной школы, а также при организации внеклассной работы с обучающимися.

Эти материалы окажут методическую помощь педагогическим работникам, методическим службам и центрам дополнительного образования детей.

© Ы. Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2019.

© Национальная академия образования  
им. И. Алтынсарина, 2019.

## Кіріспе

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы – Қазақстандықтардың шынайы өмірін бейнелейді. Президент Н.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында біздің замандастарымыздың тарихына қоғамның назарын аударуды және әрбір адам олармен танысуға болатын жаңа мультимедиялық алаң құруды ұсынды.

Әлемде бұндай тәжірибе бұрыннан бар. Халықтың кең ауқымы арасында позитивтік бейнелерді насихаттауға бағытталған осындай жобаларды жүзеге асыру бірқатар шет елдердің белсенді пайдаланады.

Бұған дәлел, *австралияның «The 100 leaders» жобасы, ресейдің «Рейтинг успешных молодых предпринимателей» және «58 молодых и успешных» жобалары және басқалары.*

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының мақсаты Тәуелсіздік жылдарында бүгінгі, заманауи Қазақстанның келбетін қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосқан нақты адамдардың нақты тағдырлары мен өмірбаяндары арқылы бәсекеге қабілеттілік, прагматизм және білімнің салтанат құру идеяларын жүзеге асыру болып табылады.

Бұл жоба әр түрлі салалардың көрнекті өкілдерін елге таныстырды. Бұл Тәуелсіздік жылдарында танымалдылық пен табысқа жеткен әншілер, спортшылар, ғалымдар және басқа да мамандықтың майталмандары болып табылады.

Қазақстанның әрбір аймағында өзінің өмір тарихымен белсенді болуға ынталандыратын және өз күшіне сенімділігін арттыратын табысты адамдары бар,

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының қаһармандарының жетістіктерін зерделеу мектеп бағдарламасы шеңберінде білім алушыларға рухани-адамгершілік тәрбие беру мүмкіндігін арттыруға мүмкіндік береді.

Олардың ерен еңбегі білім алушылардың ар-намыс, қадір-қасиет, өзгелердің мүддесі үшін жанқиярлық туралы ойлауға, патриоттық сезімін қалыптастыруға, тарихымыздың қаһармандық беттерін толтыруға ықпал етеді.

Бұл жоба:

- білім алушыларды жоба қаһармандарының ерлік өнегесімен мемлекеттік мүдделерді қорғай алатын өз Отанының патриоты етіп тәрбиелеу;
- белсенді азаматтар пен патриоттардың образында қазіргі заманғы білім алушыларды ынталы және тартымды етіп қалыптастыру;
- білім алушылардың бойындағы өз еліне деген мақтаныш сезімін, оның тарих мен заманауи жетістіктерін, біздің замандастарымыздың даңқты ерліктерін құрметтеуді сақтау мен дамыту.

Мұғалімнің міндеті, жүрісі жылдам, өзгерістерге толы дәуірде болашақтың көшбасшыларын тәрбиелегенде өскелең ұрпақты нақты адамдардың өнегесімен бағыттау, жалпыұлттық және аймақтық жобалардың көрнекті тұлғаларын танымал ету.

Авторлар «100 жаңа есім» жобасы шеңберінде танымалдылық пен табысқа жеткен қазақстандықтардың өнегесімен білім алушыларды тәрбиелеу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеген.

Әдістемелік құралда қазіргі заманғы жаңалықтар мен қазақстандық ғалымдардың өнертабыстары, оқу бағдарламасының жеке пәндерін оқып-үйрену кезінде, сондай-ақ оқушылармен сабақтан тыс жұмысты ұйымдастыру кезінде кәсіптік, мәдениет, медицина және спорт саласындағы жобаға қатысушылардың жетістіктері туралы материалдар ұсынылады.

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының стратегиясы білім беруді, білімді, үздіксіз өзін-өзі жетілдіруді және жаңаша өмір салтын қалыптастыруды белсенді түрде насихаттайды.

## **1 «100 жаңа есім» жобасы шеңберінде жетістіктерімен танымал болған қазақстандықтар**

Қазақстан Республикасының қазіргі кездегі білім беру жүйесі бәсекеге қабілеттіліктің тұрақтылығына, жаңа енгізілімдерді дамытуға бағытталуымен сипатталады. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының кіріктірілген тұлғалық құндылық жобалары білім беру ұйымдарында тәрбиені жетілдірудің діңгегі болып табылады.

Мектепте тәрбие беру мәнмәтінінде жобалар нақты мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асырады, қоғамның дамуына өзінің қосатын үлесін және жауапкершілігін өзіне алатын, ерекше және қайталанбас тұлға ретінде адамның жаңа қырларын көруге мүмкіндік береді.

*«Қазақстанның 100 жаңа есімі»* жобасы – өз ақыл-ойын, талантын, еңбекқорлығын біздің Отанымыздың көркеюіне салатын адамдардың тарихы туралы жоба. Олар Қазақстанды бейнелейтін, өздерінің өмірлік іс-әрекеттерін тәжірибеге айналдыра алу, өздерін шығармашылықпен жүзеге асыру қабілеті бар адамдар және қазіргі кездегі мектеп білім алушыларының замандастары болып табылады. Тез өзгеретін әлемде болашақ көшбасшыларды тәрбиелеу барысында, өскелең ұрпақты осы адамдардан үлгі алуға бағыттау, жалпыұлттық және аймақтық жобалардың белгілі замандастарын көпшілікке тарату мұғалімнің міндеті болып саналады.

Сонымен қатар, *«Қазақстанның 100 жаңа есімі»* жобасы мектеп түлектерінің бойында *рухани жаңғырудың негізгі 6 бағытында көрсетілген бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, эволюциялық даму, сананың ашықтығы сияқты ХХІ ғасырға лайықты ерекшеліктер* қалыптастыруға жағдай жасайды.

### *Бәсекелік қабілеттіліктің компоненттері:*

- *өздігінен білім алу* мақсат қоя білу, оларға қол жеткізудің құралдары мен тәсілдерін анықтау, алға қойылған міндеттердің мәнін түсіну, өз іс-әрекетіне талдау жасау және баға беру, мағынасына қарай бөле білу; айналадағы шындықты қабылдау, өзінің және маңайындағы адамдардың іс-әрекеттеріне сыни көзқараспен баға беру; таңдауды саналы жүзеге асыру және ол үшін жауапты болу; өзігінен білім алу іс-әрекетінің осы уақытта бар тәсілдерін қолдану және жаңа әдістерін табу, осы негізде өзіне-өзі әсер ету мен өзін-өзі қолдаудың ұтымды құралдарын жасау; жеке білім алу қызығушылығы мен қажеттіліктерін кеңейту білігі ретінде;

- *іс-әрекеттің түрлі салаларында көрініс табатын, бірақ кез-келген әрекеттер үшін қажетті: мақсатқа жетуге ұмтылыс, дербестік, жауапкершілік, тұрақтылық және т.б. қасиеттерді дамыту және ынталандыру;*

- *дербестік* нақты мақсат қоя білу, оның орындалуына өз күшімен қол жеткізу, өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарау, сонымен қатар әдеттен тыс шешім қабылдауды талап ететін таныс жағдайда ғана емес, жаңа жағдайларда да саналы және бастамашыл әрекеттер жасау ретінде;

- *әлеуметтік жауапкершілік* адамның саналы және идеялық кемелденген тұлға; өзінің іс-әрекеттері мен қылықтары үшін жауап беруге дайын болуы; қоғамдық-пайдалы қызметке және қоғамға пайда әкелуге ұмтылысының айқын байқалуы ретінде;

- *икемділік* көпдеңгейлі танымдық және жан-жақты түсінушілік қабілет ретінде.

*Прагматизмнің компоненттері:*

- *іскерлік*, яғни күрделі проблемаларды жеңіл шешу білігі, өмірлік, тәжірибелік істерді жақсы түсіне, күнделікті тұрмыстық міндеттерді шеше, өзінің іс-әрекетінде нақты нәтиже беретін бастамашылық пен іскерлікті көрсете білу қабілеті;

- *іскерлік* мүдделерге нақты бағытталған, тиімді ұйымдастырылған белсенділік; жұмыста іскерлік қалпын, іскерлік тәсілін, зейінін, ептілігін және тапқырлығын көрсету қабілеті ретінде;

- *тапқырлық* – өздігінен іс-әрекет жасау, тәуекелге бару, қажетті және оңтайлы шешімді жылдам табу білігі.

*Ұлттық бірегейлікті сақтау:*

- *ұлттық құндылықтар* өз халқы үшін мақтаныш, өз мәдениеті мен тарихына сүйіспеншілік сезімі, өз ұлтының қазіргісі мен болашағы үшін жауапкершілік, басқа халықтардың алдында өз ұлтын таныстыра білу қабілеті ретінде;

- *толеранттылық* – басқа адамды түсінуге және онымен сөйлесуге дайын болу, оның ерекшелікке құқығын қабылдау мен құрметтеу;

- *ынтымақтастық белсенділік* пікірлестікке негізделген моральдық құндылықтар мен іс-әрекеттер, мүдделердің ортақтығы мен бірлескен жауапкершілік ретіндегі белгілерді қамтиды.

*Білімнің салтанат құруы (қазақстандықтардың ментальды құндылықтары):*

- *сауаттылық* – қажетті деректерді табу білігімен, сондай-ақ шексіз ақпараттық ағымнан қажетті бағытты таңдау, алынған білімді талдау және жинақтау, оларды тәжірибеде қолдану мен пайда алу қабілетімен;

- *функционалдық сауаттылық* – алынған білім негізінде адамның өмірдің түрлі салаларында және іс-әрекеттерінде өмірлік әдетті және стандартты емес міндеттерді шешу қабілетімен, яғни тұлғаның әлеуметтенуімен;

- *білімдарлық* – өзінің өмірлік іс-әрекеттері саласындағы білімінің тереңдігі мен ауқымдылығы бойынша ақпараттық хабардарлық, көп оқығандық, тәртіптілік және құрылымдылықты таныту, түрлі әдебиеттерді жүйелі зерделеу мен түсіну қабілетімен;

- *құзыреттілік* – жалпы мәдени құзыреттілігімен (маңайындағы адамдармен сұхбаттасу формасындағы қарым-қатынас); *әлеуметтік құзыреттілігімен* (білім алушылардың білім салаларының негізгі идеялары, ұғымдары, тұжырымдамалары туралы хабардар болуымен); *коммуникативтік құзыреттілігімен* (шетел тілдерін меңгеруімен); *ақпараттық құзыреттілігімен* (жаңа білімдерді өздігінен меңгерудегі интеллектуалдық

қабілеттерімен, танымдық іс-әрекеттердің құралдарымен және тәсілдерімен) сипатталады.

Білім алушының эволюциялық дамуының мақсаты «Рухани жаңғыру» бағдарламасында көрініс тапқан моральдық-этикалық платформаға қол жеткізу болып табылады. Білім алушылардың Қазақстандағы эволюциялық процеске қатысушы болуына ықпал ету әр мұғалімнің кәсіби борышы болып табылады.

*Эволюциялық даму дегеніміз – бұл:*

- *эволюциялық бейімделу* – сыртқы ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделу;

- *сана-сезімнің өсуі* – бұл қоғамда болып жатқан өзгерістердің көрініс табуының белсенді процесі;

- *рухани тәрбиедегі саналылық* – адами қарым-қатыныстардың негізгі реттеушісі ретінде адамның адамгершілігінің жалпы негізін, моральдық таңдауын іздеу.

Сананың ашықтығы келесі критерийлер арқылы берілген:

- *өзгерістерге дайын болу* – бұл тұлғаның серпінді тұтас жағдайы, нақты тәртіпке іштей дайын болуы, осы сәтте барлық күш-жігерін белсенді және мақсатқа сәйкес іс-әрекеттерге жұмылдыруы, жүйелі деңгейде – инновациялық өзгерістерге ашықтығы;

- *тұлғаның әлеуметтенуі (қоғамдық тәжірибе)* – әлеуметтік сапалардың, ерекшеліктердің, құндылықтардың, идеалдардың, нормалардың және әлеуметтік мінез-құлықтар принциптерінің қалыптасуы, білім, білік және дағдыларды меңгеру процесі, яғни аталған көрсеткіштердің негізінде адам өзінің қабілеттік алғышарттарын әлеуметтік қарым-қатыныстарда, институттарда және бірлестіктерде әрекет істеуге бейім қатысушы ретінде жүзеге асыра алады, ал қоғам аға буынды жаңа ұрпақпен алмастыру арқылы өзінің өмірлік жолын жаңартуды қамтамасыз етеді;

- *жеке тұлғаның өзіндік әлеуметтік тәжірибесі* – адамның білімі мен ұстанымының мазмұнын, оның біліктері мен дағдыларының даму деңгейін анықтауға, өмірді түсінуге және оның әрқилы көріністеріне қатысты көзқарас қалыптастыруға байланысты адамның түрлі іс-әрекеттерге қатысу және кешенді әлеуметтік рөлдерді орындау барысында тұлғааралық қарым-қатынас жасау тәжірибесі.

Әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің басталуына байланысты қазақстандық жастардың алдында жаңа міндеттер пайда болды, олардың шешімі әр жас адамнан әлемді түсінуді және өзінің өмірінде оларды ұстануды талап етеді.

1. *«Жарқын, сапалы білім»* тренді – қазақстандық қоғамның ұлттық жобасы. Білім – ең жоғары құндылық, жас ұрпақтың дүниетанымдық көзқарасының алғышарты, бұл әлеуметтің уәждемелі де, мәдени де құрамдас бөлігі, адами капиталы, қаржылық және рухани дағдарысты жеңудің жолы.

2. *«Жасампаз, икемді тұлға»* тренді – жаңа құзыретті идеяларды түрлендіруге және жүзеге асыруға қабілетті, әдеттен тыс шешімдер табатын және қабылдай алатын, адамның ішкі ресурстарын шығармашылықпен жүзеге

асыру және оны өмірлік іс-әрекетте қолдану ықыласы бар креативті, бейімделгіш тұлғалар тәрбиелеу негізінде Қазақстанның табысты, серпінді, инновациялық экономикасы құрылады.

3. «*Бәсекеге қабілетті, кәсіби тұлға*» тренді – мемлекеттің стратегиялық міндеті. Бұл тренд табысқа жетуге бағытталған жаңа көзқарасты адамдар тәрбиелеуді болжайды. Нарықтық қарым-қатынас жағдайында – нақты саланың кәсіпқой маманы, бәсекелесу қабілеті жоғары, қызметінің мақсатын нақты анықтай алатын, нұсқаларды болжай алатын, неғұрлым тиімді және өнегелік орынды жолды таңдай, кәсіби және өмірлік мансабының өсуін дамытуға әсер ете алатын тұлға.

4. «*Жоғары ақпараттық мәдениет*» тренді – ақпараттық жаңа технологияларды меңгерудің қазіргі кездегі деңгейі, ХХІ ғасырдың адамына қолжетімді күрделі ақпараттық базаны өңдеу, жүйелеу, талдау, оның деректерін моральдық-этикалық аспектіде тұлғалық және кәсіби өсу үшін қолдана білу білігі.

5. «*Өмірлік нақты стратегия*» тренді – жеке тұлғаның дүниетанымдық бағдарын құруға қажетті компоненттердің біртұтас және көпаспектілі құрылымы, оған: негізгі бағдарлардың өмірлік мақсаттары, адамның өмірлік нақты тұжырымдамаларын құруы, нақты құндылықты бағдардың болуы, өмірлік қиындықтар мен қайшылықтарды жеңуге дайындығы, уақытша сәтсіздіктерден сабақ алу тілегі, нәтижені дұрыс бағалау және т.б. білігі жатады.

6. «*Жоғары құзыреттілік*» тренді – бұл трендтің мазмұнында келесі аспектілер қамтылған: проблемалық-тәжірибелік – әр адамның жағдайды дұрыс түсінуі, нақты бір кәсіби салада мақсат, міндеттер, нормалар қоюы және оларды орындауы; мағынаның мазмұндылығы – тұлғаның өмірлік стратегияны мазмұнды жүзеге асыру қабілеті, тұлғалық өсуі үшін өзінің шексіз мүмкіндіктерін үздіксіз анықтап отыру ықыласы; аксиологиялық – тұлғаның өзінің көзқарасы және жалпы мәнді құндылықтар тұрғысынан өмірлік жағдаяттарды дұрыс бағалау қабілеті.

7. «*Тұлғалық өсу*» тренді – ішкі өзгерістер, өзін-өзі жетілдіру, дау-жанжалдарды (ішкі, сыртқы) жеңіп шығу, логикалық шегі жоқ өз әлеуетін анықтау, алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру процесі.

Осыған байланысты, рухани жаңғырудың негізгі бағыттары мәнмәтінінде «100 жаңа есім» жобасы аясында физикалық, зияткерлік, кәсіби мүмкіндіктерді көрсететін қазақстандықтардың жетістіктері мен көпшілікке танылу тарихы туралы айтуға болады [1].

Тренд	Жетістік тарихы
1. « <i>Жарқын, сапалы білім</i> »	<b>Ернұр Рысмағамбетов</b> 1986 жылы Жезқазған қаласында дүниеге келген. Физик, жаттықтырушы, оқытушы, Халықаралық қаржы орталығы бюросының басшысы. Ернұр 11-сынып оқып жүрген кезінде Кембридж университетінде оқуға шақыру алды. Физика пәні бойынша





халықаралық олимпиадалардың (IPhO) алтын және күміс медальдарының иегері - Бали, Индонезия, 2002 және Тайбэй, Тайвань 2003; 2000-2004 ж.ж. физика бойынша республикалық олимпиаданың төрт мәрте жеңімпазы және 2003 жылы республикалық мектеп олимпиадасының абсолютті чемпионы. 2007 жылы Калифорния Технологиялық Институтын «Бизнес, Экономика және Менеджмент» мамандығы бойынша аяқтады, Лондон Колледжі Университетінде студенттік алмасу бағдарламасы бойынша оқыды. 2006 жылдың жазында Нью-Йорк қаласындағы «JP Morgan Chase» Инвестициялық Банкінде тағылымдамадан өтті. 2007 жылдан бастап 2009 жылға дейін Wilshire Associates қаржы-талдау корпорациясының талдаушысы және құрылымдалған қаржы құралдары бөлімінің бастығы болды

ҚР Ұлттық құрама командасының жаттықтырушы ретінде 5 жылдың ішінде Ернұрдың жетекшілігімен оқушылар 25 мүмкін медальдің ішінен 24 медальді жеңіп алды, оның ішінде 6 алтын, 15 күміс және 3 қола.



**Есенов Қуат** - Қуат Павлодар қаласындағы дарынды балаларға арналған №8 мектеп-лицейдің түлегі. 2002 жылғы Халықаралық математикалық олимпиаданың күміс (Глазго қаласы, Шотландия) жүлдегері, 2003 жылғы (Токио қаласы, Жапония) және 2004 жылғы (Афины қаласы, Греция) жеңімпазы. АҚШ-тағы Массачусетс технологиялық университетінің түлегі. PhD докторы, Google компаниясының (АҚШ, Калифорния) қызметкері. Осының бәрі Есенов Қуат туралы.

Қазақстан Президенті «Алтын бала» деп атаған және ғаламшардың ең лауазымды мектеп оқушысы ретінді Гиннестің рекордтар кітабына енген Қуат Есенов, математика бойынша халықаралық олимпиадаларда 9-сыныптан бастап 11-сыныпқа дейінгі аралықта алты алтын, бір күміс және бір қола медальға ие болды. Ұстазы Ганелиннің еңбегінің нәтижесінде Қазақстанның әнұраны салтанатты түрде әлемнің 11 елінде 30 рет шырқалды. Оның қабілеттері өте ерте байқала бастады, үш жасында оқып үйренді. Мектеп пәндерін меңгеру өте жеңіл болды, ал математикалық дарын оған тумысынан біткен дейді ұстазы Давид Ганелин.



**Калыкова Саïда Тұрарбековна** – Астана қаласы Мемлекеттік академиялық филармониясының солисі, Қазақстан Республикасының мәдениетін дамытудағы үлесі үшін «Жан шуақ» сыйлығының иегері.

Саïда балалық шағынан бастап ерекшелігімен көзге түседі. Алты жасында бірінші сыныпқа барған кезінде әкешесіне айтпай-ақ музыка мұғаліміне жазылады. Нота сауаттылығын тез меңгеріп алады және фортепианода ойнауды үйрене бастайды. Бірақ 1994 жылы операциядан кейін, орта мектептің және музыка мектебінің үздік оқушысы көру қабілетінен айырылады. Басына түскен қиындыққа қарамастан, Саïда музыкамен айналысуды да, жалпы білім беретін мектепте оқуды да жалғастыра берді. 12 жасында өзінің алғашқы музыкалық концертін береді. 15 жасында алғашқы музыкалық шығармаларын жазған еді.

Мектепті аяқтағаннан кейін Орал қаласындағы музыкалық колледжге оқуға түседі, осы оқу орнын үздік аяқтап Саïда Ұлттық өнер университетіне түсті.

Университеттің екінші курсына Италияның Киоджи қаласына шеберлік-сыныбына барады. Мектептің бағдарламасы бойынша ол Сан-Бартоломеода болған конкурсқа қатысып, жүлделі екінші орынға ие болады. Конкурстан кейін Румыния консерваториясының ректоры оны жабық конкурсқа қатысуға шақырады. Бұл пианист-композиторлардың өз туындыларын орындайтын сайыс болып табылады. Бүгінгі таңда Саïданың 15-20 шақты жеке шығармалары бар.

Қаз ҰӨУ соңғы конкурсында ол Италияда тағлымдамадан өту грантына ие болды, италия тілін үйренеді. Ал содан кейін, 2011 жылы Саïда республикалық «Болашақ» стипендиясының иегері атанады. Бұдан әрі ректордың шақыруымен Флоренциядағы Л. Керубини атындағы консерваторияға, көне музыкалық жоғары оқу орнының магистратурасына оқуға түседі.

Дарынды қыз Бетховен және Дебюсси бойынша итальян тілінде екі ғылыми жұмысты өте жоғары деңгейде қорғап шығады және магистратураны ерекше үздік «Laude» белгісімен аяқтайды, музыка Академигі атағын алады.

Бүгінгі күні Саïда Қазақстанда, Ресейде және Италияда жеке концерттер береді.

Саïда қазақ, орыс, ағылшын, итальян тілдерін жетік біледі, ал испан және француз тілдерінде сөйлесу деңгейінде меңгерген. Ол еліміздің қоғамдық өміріне белсене араласады және әлемнің түкпір-түкпіріндегі қайырымдылық

<p>2. «Жасампаз, икемді тұлға»</p> 	<p>концерттеріне қатысады.</p> <p><b>Чернуцкий Максим</b> – Павлодар облысынан. Отансүйгіш, қоғамдық-саяси қайраткер, меценат, кәсіпкер. 2011 жылдан бастап көмір өнеркәсібінің жұмысшысы.</p> <p>«Өзімнің жеке қаражатыма БЦП диагнозымен ауыратын мұқтаж жас жігітке мүгедек креслосын әпергенімді басты жетістігім деп санаймын. Ол жігіттің көзіндегі қуаныш – 2016 жылдан менің есімде қалаған ең жарқын естелік».</p> <p>Республикалық түрлі форумдер мен конференциялардың қатысушысы, көптеген грамоталардың, алғыс хаттардың иегері. 2014 жылдың желтоқсанында «Халық Таспасы - Народная Лента» халықтық-отансүйгіштік жобасын жүзеге асырды. Өз қаражатына Қазақстан Республикасының азаматтарына 25 000 халықтық таспа сыйлады.</p> <p>2017 жылдың мамыры – көптілді білім беру ZhasProject жобасы аясында «TILKHAN ATA» жобасының авторы. Оның негізгі міндеті Қазақстан Республикасында «Тілдердің үштұғырлығы» идеясын дамыту және көпшілікке тарату болып табылады.</p>
	<p><b>Сергей Ан</b> – NOMAD MMA ұлттық стилінің негізін қалаушы, жаттықтырушы.</p> <p>Сергей әлемнің 12 елінде танылған аралас жекпе-жектің өз стилін құрып, негізін қалады. Ол 29 жыл бойы жаттықтырушылық және қоғамдық қызметпен айналысып келеді.</p> <p>«Біз аралас жекпе-жектің ережесін он екі жыл жасадық. Бізде шет елдерден келген шығыс жекпе-жегінің басқа түрлері жетерлік. Сол үшін де солармен бәсекеге түсе алатын өзіміздің жеке, қазақстандық түрінің болғанын қаладық. Қазір Номадты Кореяда, Қытайда және бүкіл дүниежүзінде таниды. Енді біздің міндетіміз – спорттың осы түрімен айналысатын адамдарды көбірек тарту және танымалдығын одан әрі арттыру. Егер алғашқы жарыстарда 100-ден сәл артық қатысушы және 150-200 шақты көрермен жиналатын болса, қазіргі кезде 600-ге жуық қатысушы және бір жарым-екі мың көрермен залды толтырады. Бұл, түрдің көпшілікке танымалдығының артып келе жатқандығын дәлелдейді» – дейді Сергей.</p> <p>Сергей негізгі жұмысынан бөлек атқарушы органдармен бірлесіп, саябақтарды қалпына келтіру бойынша бірқатар жұмыстар жасап, гүлзарлар, спорт және аула алаңдары, футбол алаңдары салынды. Жаңа бала бақшалар салынды және ескілері қалпына келтірілді.</p>



**Мәулен Бектұрғанов** – MBionics компаниясының негізін салушы.

Қазақстандағы қолдың бірінші бионикалық протезін әзірлеген және жасаған. Аталған протез ІІІ топтағы мүгедектердің өмір сүру салтын жақсартуға арналған. Протез адам қолының қызметін неғұрлым дәл орындайды. Мәулен қазақстандықтарға шетелдерге шықпай-ақ толыққанды өмір сүрулеріне жағдай жасайтын ғылымдағы ерекше жаңалық жасады.

2015 жылы Халықаралық ақпараттық технологиялар университетіне есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету мамандығы бойынша оқып жүріп, Мәулен бұлшық еттердің импульстерінің, басқаша айтқанда ойдың күші арқылы адамның техникамен қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін құрылғыны бірінші рет көреді. Ол бұлшық еттердің импульсінің көмегімен басқаруға болатын, қолдың бионикалық протезін жасау туралы шешім қабылдайды.

Алдымен дипломдық жұмысының аясында Мәулен өз қолының қозғалыстарын қайталайтын протездің түптұлғасын жасады. Одан әрі 2016 жылдың күзінде Мәулен өз ісінде алға қарай қадам жасады және қолдың протезіне неғұрлым ұқсайтын екінші түптұлға әзірледі. Ізінше үшіншісін, жұмыс нұсқасын ойлап шығарды, ол басқару жүйесі бойынша екінші түпнұсқаға ұқсас болып шықты.

2017 жылдың сәуірінде Мәулен бионикалық протездің төртіншісін немесе жұмыс нұсқасын жасады, ол ойдағыдай орнатылды және тәжірибе жүзінде тестілеуден сәтті өтті.

Осыдан кейін Мәулен әріптестестерімен бірлесіп бионикалық протездердің жаңа нұсқаларын әзірлеумен айналысатын, өзінің MBionics компаниясының негізін қалады. Отандық бионикалық протездер шығаруды жолға қою, оларды шет елдерге экспортқа шығару, сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін мүмкіндігінше көп жаңа ашылулар жасау жоспары бар.




**Санжар Мырзағалым** – өнертапқыш.

2014 жылы Санжар Мырзағалым және оның курстастары EcoSocket технологиясы шеңберінде – электр қуатын үнемдеуге жағдай жасайтын розетка әзірлеу бойынша жұмыс істей бастады. Бұл стартап Орталық және Оңтүстік-Шығыс Азия өнертапқыштарына арналған Echelon Asia Summit 2015 – ірі технологиялық конференциясында ең үздік ондыққа кірді. Қазір Мырзағалым, өзінің балғын

	<p>жасына қарамастан Microsoft Kazakhstanда ірі лауазымдардың біріне ие.</p> <p>Әзірлемелер кез келген ауданды, оның шаршы метріне, түріне және салынған жылына қарамастан ақылды үй деп аталатын құрылысқа айналдыруға мүмкіндік береді. Тұрмыстық техника дүкенінен EcoSocket сатып алу жеткілікті. Жас жаңалық ашушылардың жобасы бойынша осындай құрылғылардың бірін техниканың бір бірлігіне қосуға болады, бірақ әзірлеушілер ең өнертапқыш қолданушылардың тәжірибесінде Экосокетті үшбөлімді розеткаға немесе ұзартқышқа қосу арқылы бірнеше аспапты қосқан жағдайлар болғанын және олардың бәрі смартфон арқылы басқарылғанын айтады.</p> <p>Жүйенің әр қолданушысы аспаптардың электр қуатын қаншалықты тұтынатынын өзінің смартфоннан бақылай алады. Әзірleme сонымен қатар, жеке параметрлерді дәлдеуге мүмкіндік береді, яғни арнайы дәлдегішке өз тарифін енгізуге болады және бағдарлама осы сәтте сіздің қанша ақшаны тектен-текке жұмсайтыныңызды санап береді. Бұл Айти әзірлеменің талдау қабілеті қоршаған ортаны сақтауғы бағытталған Жасыл жобаға айналдырады.</p>
	<p><b>Әсемгүл Уразаева</b> – USC Travel компаниясының негізін қалаушысы. Әсемгүл Аликовна 22 жасында Атырау қаласындағы «USC» ЖШС негізін қалаушы және құрылтайшысы болды. Оның компаниясы мұнай компанияларын құрылғылармен, арнайы киімдермен және инерттік материалдарды тасымалдау үшін көліктік қызметпен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, бизнестің тағы бір бағытын USC TRAVEL туристік компаниясы жүзеге асырады, ол корпоративтік туристік қызметтер көрсетеді, компаниялар үшін топтық турлар (көрмелер және семинарлар) рәсімдейді, БАӘ өтетін Халықаралық Балалардың шығармашылық фестивалін өткізу бойынша жобаны, БАӘ-де Канаданың және Ұлыбританияның оқытушыларының қатысуымен өтетін жазғы балалар лагерін ұйымдастырады. Шетел азаматтарын қолдау жұмыстарымен, жұмыс істеуге рұқсат қағаздарын рәсімдеу, шетел азаматтарын тіркеу жұмыстарымен айналысатын жоба жүзеге асырылды.</p> <p>Әсемгүл Әлікқызы 2013 жылы Қазақстан Республикасының «Бірінші сыбайлас жемқорлыққа қарсы медиа-орталық» республикалық қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары болып тағайындалды. 2015 жылы Қазақстан психологтар қауымдастығының мүшесі болып, кеңес</p>

берумен айналысатын «Жетістіктер академиясы» жобасын жасады, халықаралық деңгейдегі жаттықтырушылардың қатысуымен жеке тұлғаның дамуы және отбасылық қарым-қатынас тренингтерін өткізді. 2016 жылы әйел құқығын қорғау және қолдау жұмыстары мен мүгедек балаларға көмек көрсету жұмыстары жүргізілетін халықаралық орта Азия әйелдер қауымдастығының Президенті қызметіне тағайындалды. Атырау облысының экологиялық мәселелері бойынша бағдарламалар іске асырылды және прокуратурамен бірлесе отырып мүгедектер мен балалар арбасының қозғалысының қолайлы болуы үшін жол жиектері мен пандустарды қайта жабдықтау үшін арнайы жұмыс тобы құрылды.

2017 жылы «Smart Delivery LTD» ЖШС-нің ортақ құрылтайшысы болды, аталған компания интернет порталдар әзірлеу және қызмет көрсету саласындағы іс-әрекеттерді жүзеге асырады.




**Зарина Саутбаева** – ғалым – биомедик, Назарбаев Университетінің оқытушысы, биология магистрі, Халықаралық қатерлі ісікке қарсы күрес ұйымы (UICC) грантының иегері. Ол Манчестер Университетінің (University of Manchester) түлегі болып табылады, Швейцарияның Базель қаласында және АҚШ-тың Бостон қаласындағы Гарвард медицина мектебінде тағылымдамадан өтті.

Биомедицина – тым ерекше мамандық, ғылым әлемінің ізбасары болу тілегі қалай пайда болды және бұл мамандықты таңдауыңызға кім себепкер болды?

Биомедицинаны мен емес, ол мені таңдады деп айтуға болады. мен балалық шағымнан дәрігер болуды аңсадым, алайда, «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқуға түсу барысында шетелде оқуға арналған тізімде бұл мамандық болмай шықты, бірақ онымен байланысты және өте маңызды мамандық – биомедицина бар екен. Сол сәтте осы жолды таңдағаным және шешім қабылдағанымға қуаныштымын. Қазақстанда ғылым қарқынды дамып келеді, сондықтан жаһандық ғылыми зерттеулердің бастауында тұратындардың бірі бола алатындығым туралы ой маған жақсы бағыт берді.

Мен үшін биомедицинаның екінші жағымды жағы, науқасты емдеп шығу ғана емес, ауруды түп нұсқасынан жою үшін, адам өзінің ауыратын жерін емдемесін, ол мүлдем ауырмасын деп еңбек ететіндігімде.

Оқытушы ретінде мен үшін студенттерімнің бәсекеге

	<p>қабілетті болғандары, болашақта олар лайықты зертханаларда жұмыс істей алғандары өте маңызды. Бірінші курстың оқытушысы болғанымна қуанамын, себебі бакалавриатта олардың ғылыми өмірінің барысында қажетті болатын мамандықтың қыр-сыры (мейлі ол қолында мөлшерлеуішті дұрыс ұстау болсын немесе жасушалық дақылдармен жұмыс істеу болсын) беріледі ғой – дейді Зарина.</p> <p>Ал маған келетін болсақ, мен қазір ғалым ретінде онкологиялық ауруды диагностикалаумен байланысты жобада жұмыс істеп жүрмін. Менің арманым қатерлі ісікті неғұрлым ерте анықтауды үйренумен байланысты. Өкінішке орай, қазіргі сәтте адам өзінің диагнозын ауру үдемелі сатыда болғанда ғана біле алады. Ал егер оны ерте сатыда диагностикалау мүмкін болғанда, онда емдеудің оң нәтижесіне және организмнің жақсы қабылдауына мүмкіндік көп болар еді.</p>
<p>3. <i>«Бәсекеге қабілетті, кәсіби тұлға»</i></p> 	<p><b>Төлеген Бахаргүл</b> – танымал топтамашы-этнограф, Қазақстандағы түркі халықтарында сирек кездесетін алтын және күміс бұйымдарының бірден-бір жеке мұражайының иегері болып табылады. Қазақ ұлттық кәдесыйларын жасап шығаратын «Әдемі-Ай Plus» компаниясының президенті.</p> <p>Төлеген Бахаргүлдің тек кәдесыйлар саласындағы жалпы еңбек өтілі 20 жыл. Ол 2000 жылы ұлттық кәдесыйларды дайындау және сату бойынша компаниясының негізін салған болатын. «Әдемі-Ай Plus» ЖШС негізін қалаушының және жетекшісінің, сонымен қатар кәсіпқой команданың мақсатқа талпынушылығының және көпжылдық қажырлы еңбегінің арқасында, компанияның өнімдері тек Қазақстанда ғана емес, шет елдерде де танымал болып отыр.</p> <p>2009 жылдан бастап Бахаргүл Мемлекеттік Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайында (2009 ж.), Қазақстан Республикасы Орталық музейінде (Алматы қаласы 2010 ж.) және Қазақстан Республикасы Бірінші Президенті музейінде (2014 ж.), Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасында (2013 ж.), Мемлекеттік алтын және асыл металдар музейінде (Астана қаласы 2010 ж.), Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде (Астана қаласы 2015 ж.) жыл сайын «Ұлт жауһары» және «Жүрегімде Отаным» көрмелерін өткізеді.</p> <p>2011 жылы Төлеген Бахаргүлдің бастамасымен «Әдемі-Ай» өнер музейі ашылды және қолданысқа тапсырылды. Музейде топтамашы, өнертанушы, Қазақстан</p>

	<p>Республикасына еңбегі сіңген мәдениет қайраткері Төлеген Бахаргүлдің 1000-нан асаэкспонаттан тұратын топтамасы қойылған.</p>
	<p><b>Тұрқұлов Беркін Көшербаевич.</b> Беркін Тұрқұловтың жетістіктерінің ішінен келесі фактілерді айтуға болады: 2013 жылдан және бүгінгі күнге дейін туа біткен жүрек ақауы бар балалардың ашық жүрегіне 400 ота жасады және 800-ден аса отада ассистент болды. Ол жаңа туған сәбилердің жүрегінің қалтқысыз жұмыс істеуіне септігін тигізіп жүрген ең жас балалар кардиохирургі. Салмаға бір килограмнан аз уақытынан бұрын туған балалардың жүрегіне ашық оталар жасаған. Алматы қаласының перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығында Ресейден, Италиядан, Кореядан, Швейцариядан келген әріптестерімен бірлескен оталар жүргізді. Ерте жастағы балаларға магистральдық тамырлардың транспозициясы, өкпе көктамырларының жаппай ауытқымалы дренажы, өкпе артериясының бітеулілігі, жүректің функционалдық жалғыз қарыншасы, жүректің рабдомиомасы, Фонтен операциясы, Росс операциясы, Росс-Кон операциясы және т.б. ота түрлерін жасауға қатысты. Беркін Тұрқұлов білікті дәрігер ғана емес, сонымен қатар ғылыми іс-әрекетпен де айналысады. 2014 жылы «Туа бітті жүрек ауруларымен ауыратын балаларға кардиохирургиялық көмек көрсетуді оңтайландыру» тақырыбындағы магистрлік диссертациясын қорғап шықты. Халықаралық журналдар мен конференциялардың жинақтарында баяндамалары мен басылымдары жарық көрген.</p>
	<p><b>Рафикова Хадичахан Сабиржановна</b> – Қ.И. Сәтбаев атындағы (ҚазҰТУ) Қазақ ұлттық зерттеу ғылыми-зерттеу университеті мен Қазақ-Британ техникалық университетінің (ҚБТУ) аға оқытушысы</p> <p>Мұнай үшін бірегей родий-иридий катализаторын әзірледі. Бұл жұмыс жасыл технологиялар категориясына кіретін мұнай өңдеуге арналған бәсекеге қабілетті технологияларды құрудың негізі болып табылады.</p> <p>2011 жылы Қазақ-Британ Техникалық Университетінде докторантураға түсуден маңызды ғылыми мансабын бастады. Оның мақсаты тек академиялық атаққа ие болуға ғана емес, ең алдымен Қазақстанда ғылымның дамуына үлес қосу. Сонымен қатар, ол ғылыми процестің әрбір</p>



	<p>кезеңінде (идеяны өзінен, эксперимент арқылы заттардың іріктелуінен бастап, соңғы өнімді алуға дейін) қоршаған ортаға зиян келмес үшін жұмысының «жасыл» химия талаптарына жауап беретінін бірден анықтады.</p>
	<p><b>Тастанбеков Диас Бахытжанович.</b> «Болашақ» бағдарламасы бойынша магистратураны аяқтаған соң бір жылдан кейін Диас Назарбаев Университет – Nazarbayev University Research and Innovation System (NURIS) зерттеу орталығына кіші ғылыми қызметкер болып орналасты, бұнда күн қуатымен жүретін батареяға арналған полимердің медициналық табиғи жолмен ыдырайтын және жартылай өткізгіш деген екі түрімен айналысты.</p> <p>4 жылдан соң ол NURIS-ден кетіп бір жылдан соң ҚБТУ-де «Альтернативтік полимер материалдары» жекеменшік зертханасының меңгерушісі болады, ҚБТУ мен ҚазҰТУ (Политех) біріктірілгеннен кейін зертхана жаңадан құрылған университет – ҚазҰЗТУ-ге көшеді, ол осы жерде бүгінге дейін жұмыс істейді. Кіші ғылыми қызметкер болып істеген кезінде Диас өз жобаларымен айналыса бастайды: сөйлейтін қоқыс жәшігі (жоба Армана Сулейменовтің I Startup School-да 1-орын алды), бейне-ашық хаттар, тапсырыс бойынша 3D-басып шығару, аэропоника (өсімдіктерді топырақсыз автоматтандырылған өсіру). Соңғы жобасымен Диас Startup Bolashak-ге (1-маусым) қатысып, жеңіледі. Бірақ 2016 жылы қайта (2-маусым) қатысып, 2-орын алады: жобаны жүзеге асыруға жеке инвесторлардан грант және инвестициялар алады. Қазір жоба Алматыда және Қарағандыда жүзеге асырылуда. Бүгінде Диас өзінің докторлық жұмысына арнауды жоспарлап отырған ең ірі жобасы – остеосинтез үшін табиғи ыдырағыш импланттарға тапсырыс дайындауда.</p>
	<p><b>Абдысагин Рахат-Би Төлегенулы</b> – жас композитор, пианист, халықаралық конкурстардың лауреаты, 100-ден аса музыкалық шығармалардың авторы.</p> <p>Шығармашылық жолды бастағаннан бастап, «ең жас» ұғымы Рахат-Бимен бірге келеді. Ол – «Дарын» мемлекеттік сыйлығының ең жас иегері. Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы 17 жасында ТМД парламентаралық Ассамблеясының «Мәдениет пен өнерді дамытудағы ерен еңбегі үшін» құрмет белгісімен марапатталған ең жас және жалғыз мәдениет қайраткері. Ол – Бах, Моцарт, Гайднадан бастап, қазіргі классиктерге дейінгі әлемдік классикалық шедеврлерді жинайтын Оңтүстік Иллинойса университетінің (АҚШ) «Discography» оркестрімен</p>

	<p>фортепианоға арналған туындыларды орындайтын әлемдік қордың қоржынына туындылары енген Тәуелсіз Қазақстандағы ең жас әрі жалғыз композитор. Ол – заманауи музыкаларды орындаушылар мен композиторлардың халықаралық академиясының ең жас қатысушысы: Impuls (Грац, 2013, 2015, 2017), ISA (Мюрццушлаг, 2015), KlangZeitMünster (Мюнстер, 2016), ең жас лектор ICTM 2015.</p> <p>Сонымен қатар ол – жан-жақты білімді интеллектуал, математиканы зерттеуге қызыққан математик-зерттеуші. 14 жасында «Математика және қазіргі заманғы музыка» (Алматы, 2013) және «Mathematics and Contemporary Music» (Almaty, 2013) ғылыми еңбектерін жариялады. «Гармонияның шеттері» атты шығармашылық жұмыстар жинағының авторы (Алматы, 2011).</p> <p>Бүгінде оны «Қазақтың Моцарты» деп атайды. Ол аса ұғымтал, 12 жасында музыка жаза бастады.</p> <p>Мәскеу қаласындағы аты аңызға айналған «Композитор» баспа үйінен Рахат-Би Абдысагинның «God’s dwelling» («Жилище Бога») мен «Over the vault of depth» («Над сводом глубины») атты симфониялық картиналарының партитуралары шықты. Дәл қазіргі уақытта Рахат-Би Абдысагин әр жыл сайын 24 елден 200-ге жуық әлемге әйгілі музыканттар мен педагогтар қамтылған П.И.Чайковский атындағы жасөспірімдер конкурсының әділқазылар мүшесі болып табылады.</p>
<p>4. «Жоғары ақпараттық мәдениет»</p> 	<p><b>Арман Сулейменов</b> – Zero To One Labs және nFactorial Incubator компаниясының бас директоры әрі негізін қалаушы. Арман 20 аса мобильді өнімнің авторы. Ал, nFactorial Incubator аясында екі жылдың ішінде 100 жуық мобильді өнім жасап шығарған. Ол Пердью университетінде «Информатика» мамандығын меңгерген. Ал, магистратураны Принстон университетінде оқыды. Арман АСМ ICPC жүйесін бағдарламалау бойынша 2009 жылы әлем чемпионанда (Стокгольм, Швеция) және 2011 жылы АҚШ-тың Орlando қаласында өткен әлемдік додада финалист болды.</p> <p>Принстон университетінің (АҚШ) магистратурасын аяқтаған. Қазақстанда «TheSummerStartupSchool.com: идеядан шынайы iPhone қосымшасына 8 аптада жету» стартап мектебін құрды. Назарбаев Университетінде «Стартап өнері: 4 аптада идеяны жүзеге асыру» курсы құрды. «App Store» ғаламдық қосымшалар дүкеніне қосымшаларды көптеп енгізіп, Қазақстанды әлемнің</p>

	<p>технологиялық картасынан көруді мақсат тұтады. Өзінің бірінші Being Beethoven — команда Zero To One Labs жобасын 2014 жылдың күзінде, компанияны құрғанға дейін әзірледі. Бұл «Daily Rituals: How Artists Work» кітабына негізделген, табысты және белгілі адамдардың күнделікті әдеттері туралы қосымша, олардың салт жораларын қолданушыға күнделікті кестеге енгізулеріне мүмкіндік береді.</p> <p>2015 жылдың маусымында Арман өзінің серіктестерімен бірлесіп Zero To One Labs стартап-студиясының негізін қалады. Бір жылға жетпейтін уақыт аралығында компанияның 8 өнімнен тұратын Kelin қосымшасымен бірге алынған портфолиосы шықты.</p>
	<p><b>Тимур Рыспеков</b> – Алматы қаласындағы М.Мәметова атындағы №28 мектеп-лицейінің білім алушысы.</p> <p>Тимур жас өнертапқыш, физика, информатика, математика саласындағы 28-ден астам патент пен авторлық құқықтың иесі.</p> <p>Ол 2014-2016 оқу жылдарында информатикадан аудандық және қалалық олимпиадалардың жүлдегері. «Инновациялар» номинациясында Рыспеков Тимур Гран-приді және 100000 теңге көлеміндегі сертификатты жеңіп алды. Тимур 2015 жылы «Microsoft DreamSpark» бағдарламасының, 2016 жылы «Skolkovo Startup Tur» байқауының еуразиялық кезеңінің жеңімпазы атанған.</p> <p>2016 жылдың маусымында Мәскеу қаласында өткен Шығыс Еуропаның Startup Village ірі инновациялық конференциясына қатысты. Оның соңғы әзірлемелерінің бірі қоршаған ортаның талдамасын жасауға арналған робот, әлемде оған ұқсас туынды жоқ. Бұл робот метеостанцияларды, экологияның талдамасын жасауға арналған станцияларды, аномалияларды зерттеуге арналған жабдықтарды және т.б. алмастыра алады, сонымен қатар ол күзет жүйесінің функцияларын атқара, виртуалды шындық форматындағы видеоағымдарды көрсете алады. Тимурдың қоршаған ортаның талдамасын жасау бойынша жобасын Microsoft корпорациясының, Қазақстан Республикасы Кіші Ғылым Академиясының және Қазақстан робототехника федерациясының, AlmatyTechGarden сарапшылары ең жақсы жүйе деп таныды.</p>



**Нұржан Жолдыбалинов** – IT маман, кітапханашы, ақпараттық жүйелер бойынша маркетинг, «Кітапхана саласының үздігі» төсбелгісінің иегері.

Сонау ертедегі 1995 жылы №63 Шар мектебіне 8 разрядты «Корвет» дербес компьютерін әкелген еді, осы компьютерде жұмыс істеуге алғаш отырғандардың бірі және сабақ арасында ұрлана кіріп мұнда шұғылдануға келетіндердің бірі тоғыз жасар Нұржан Жолдыбалинов болатын. Балалық қызығушылық оның мамандығын ақпараттық технологиямен байланысты айқындап бергендей. Таңдаған мамандығының барлық жолынан өткен: 2001 жылы Семей электротехникалық колледжіне «Станция бойынша кезекші» мамандығы бойынша оқуға түсті. 2004 жылы осы колледжде «есептеу техникалары мен автоматтандырылған жүйелерді бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша оқуын жалғастырады. 2010 жылы Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетін «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығымен бітіреді.

Еңбек жолын Қазақстанның бас кітапханасы – Астана қаласындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасында бастайды. Өткен жылдан бері Ақпараттық ресурстар бойынша жетекшінің орынбасары болып қызмет істейді. Қазіргі таңда Нұрлан Нұржанұлы Қазақстандық ұлттық электронды кітапханасы бірыңғай технологиялық форматында Қазақстан кітапханаларының біртұтас каталогін «ҚазҰЭК бірыңғай автоматтандырылған кітапханалық ақпараттық жүйесі» жұмыс үстелін құрумен айналысуда. Мұның нәтижесі Бірыңғай онлайн-каталог, Бірыңғай электронды толықмәтінді мәліметтер базасы, құжаттарды электронды жеткізу, корпоративті виртуалды анықтама қызметі және басқалардың жасалуы болып табылады.

5. *«Өмірлік нақты стратегия»*



**Баялышбаев Елдос Қайыркенұлы** – «Асар» мүгедектерді реабилитациялау орталығының директоры.


Балышбаев Елдос Қайыркенұлы жол апатынан қатты жарақат алып, соның салдарынан басын көтере алмай, бір жыл төсек тартып жатып қалады. Массаж бен кешенді тренажерлік жаттығулардың арқасында Елдос аяққа тұрып, ақырындап арнайы құрылғының көмегімен жүре бастады.

Елдос еңбек жолын 2013 жылы Талдықорған қаласының «Ерлік» мүгедектер қоғамында бағдарламашы болып бастады. 2014 жылы Елдос қозғалуы қиындық тудыратын адамдарға қолдау көрсетем деп шешеді. Талдықорған

қаласы әкімдігінің қолдауымен «Мүгедектерді спортпен оңалту орталығы» АҚ ашып, қазірге дейін соны басқарып келеді.

2014 жылы Жол картасы – 2020 аясында 3 млн сомаға грант ұтып алып, оны арнайы тренажерлар жасауға жұмсады. 2014-2016 жылдары бұл орталықта мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында 260-тан астам адам оналтудан өтеді. ДЦП-мен ауыратын кішкентай Радамираның емделуі үшін қайырымдылық концертін ұйымдастырды. 2016 жылы «Startup Bolashak» конкурсының нәтижесі бойынша Елдос екінші орынға ие болды. Алакөл көлінің жағалауында мүгедектер үшін алғашқы және жалғыз арнайы пансионат салды.

Елдос Қайыркенұлы осы жылы ақпанда Жапонияның Қазақстандағы елшілігінің «Шөп тамыры» атты республикалық байқауға қатысып, 26 млн теңгенің грантын ұтып алды. Қазіргі уақытта шетелдік мамандарды шақырып, орталық мамандары сатып алынған тренажерларды қолдану бойынша біліктілік курстарынан өткен.



**Жоламан Дина** 2007 жылы Жақсы қаласының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіндегі жаттықтырушы А.А.Высоцкийдің қол астында бокспен айналыса бастады. Сол жылы ол Көкшетауда өткен облыстық жарыста және Қазақстан Республикасының жастар арасында болған чемпионатының қола жүлдегер атанды.

Дина 2008 және 2013 жылғы Қазақстан Республикасының жастар арасындағы біріншілікте чемпион атанды; Челябинск қаласында өткен жастар турнирінде бірінші орынды жеңіп алды және ең үздік боксшы ретінде хрустальды қолғаптың иегері атанды. Ал 2015 жылы Шымкент қаласында өткен Қазақстан Республикасының ойындарында халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағы берілді, бұл турнирде ол екінші орынды иеленді. Барбадос аралында (2010 ж.) өткен Әлем Чемпионатының қатысушысы, КХДР чемпионатта (2014 ж., 5-орын); 2011 жылы бокстан ҚР Спорт шебері атағына ие болды; Халықаралық класс деңгейіндегі спорт шебері (2014 ж.).

2015 жылы Атырау қаласында өткен халықаралық турнирде тағы да ең жақсы көрсеткішке жетті. 2016 жылы Қазақстан Республикасының чемпионатында жеңіске жетіп, осы жылы Астана қаласында болған әйелдер арасындағы бокстан Әлем чемпионатына қатысуға мүмкіндік алды. Аталған Әлем Чемпионатында төрт кездесу өткізіп әйелдер арасында екінші орынды иеленді. Қазақстан

	<p>Республикасының Еңбек сіңірген спорт шебері атағына ие болды.</p> <p>Нұр Отан партиясының мүшесі. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгерген.</p>
	<p><b>Серік Есматов</b> – туризм және спорт академиясының студенті, волейболдан Қазақстан жастар құрамасының капитаны.</p> <p>Ол 1998 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. Бала кезінен бастап спортпен белсенді айналысып бастаған. Көптеген қазақстандық балалар тәрізді, ол да спорттың жекпе-жек, бокс түрлерімен айналысады. Көп ұзамай-ақ, ол жақсы нәтижелер көрсетіп, жасөспірімдердің олимпиада резервіне қабылданды. Сонымен қатар, жүзу мен велосипед спортымен шұғылданып, тіпті Қазақстанның жасөспірімдер біріншілігінде велосипед жеңіп алған. 2011 жылдың 30 тамызында қайғылы жағдай орын алып, Серік қос аяғынан айырылып қалды.</p> <p>Оның болашақ өміріне екінші әкесіндей болып кеткен бапкері Сергей Хохловтың әсері зор болды. «Ол ержүрек адам, ауған соғысының ардагері. Ауғанстанда болған кезінде екі аяғынан бірдей айрылған, бірақ бұл оның сағын сындыра алмаған. Ол менімен көп жұмыс жасап, жүруді қайтадан үйретті, аяғы жоқ адамдардың білуі тиіс көп нәрселерді ұғындырды, Осы жасқа келіп, мойымаған жаттықтырушымды көріп, жап-жас боп менің еңсем түскені дұрыс емес екенін ұғындым».</p> <p>Қазірде Серік көптеген спорт түрлерін меңгеріп алды. Волейбол ойнап, жеңіл атлетикамен де айналысып жүр. Арбамен жүгіруге қатысып, ядро мен найза лақтырады. Соңғы уақытта ауыр атлетика мен жүзу спортымен шұғылданып жүр.</p> <p>2013 жылдың қазан айында 16 жасар Серік Малайзияда өткен ірі халықаралық жарысқа қатысып, волейболдан паралимпиадалық турнирдің қола медалын жеңіп алды. Осы жетістіктен соң елімізде паралимпиаданың командалық спорт түрлеріне назар аударыла бастады. Серік Есматов көптеген бағдарламаларға шақырылып, тіпті Қазспорт арнасының жарнамалық ролигине де түсті.</p>
	<p><b>Бауыржан Исламхан</b> «Қайрат» футбол командасы мен Қазақстан ұлттық құрамасының жартылай қорғаушысы.</p> <p>Небәрі 24 жасында Қазақстанның футбол тарихында үлкен жетістіктерге жеткен Бауыржан Исламхан 2016 жылғы Қазақстан чемпионатының үздік футболшысы атанды. Бауыржан тіпті жасы әлі жиырмаға да ілікпей тұрғанда</p>

	<p>ұлттық құрамаға шақырылып, жастар құрамасы сапында «Достастық кубогінің үздік ойыншысы» атанған еді. Бауыржан 1993 жылы Жамбыл облысы, Байзақ ауданында дүниеге келген. Футболмен он жасынан бері ай налысады. «Тараз» сапындағы алғашқы маусымында – 27 ойын өткізіп, 2 гол соққан.</p> <p>Бауыржан Исламханды футбол сүйер қауым интеллектуал ойыншы деп те атайды. Жаттықтырушылардың пікірінше, 24 жасар Жамбыл футболының түлегі Исламхан алаңдағы ойынды тез оқиды, іркілмейді. Жылдам шешім қабылдайды. Аяғына доп тисе қарсылас команданың бірнеше футболшысы қоршап алады. Неге десеңіз, ешкімнің миына қонбайтын құйтұрқы пас шығару ол үшін түк те емес. Кейде жалғыз өзі ойынның тағдырын шешіп жатады.</p> <p>2016 жылы британдық BT Sport телеканалы Еуропа лигасы Уефадағы Бауыржан Исламханның голы ең әдемі гол деп жариялады. BT Sport сайтында оның голы 86 пайыз дауыс жинаған.</p>
	<p><b>Сағымбаев Мағжан Талапович</b> – велосипедпен Қазақстанның туын көтеріп, 22 елді аралаған алғашқы Қазақстандық азамат, атақты саяхатшы, революционер Жангелдин Әліби Тонжанұлының ұрпағы.</p> <p>Бірінші рет 1991 жылы Геленджик шатқалындағы Қара теңізге саяхат жасайды. 1998 жылы Ыстықкөлге төрткүндік сапар шегеді. Осыдан кейін саяхат, тау, спортқа деген құштарлығы тіптен арта түседі. 2013 жылы бірінші үлкен саяхатқа аттанады. Жаяу, автокөлікпен 8 елді (Қазақстан, Өзбекстан, Ресей, Грузия, Армения, Түркия, Украина, Молдова) аралады. 2014 жылдың 1-мамырында Мағжан Алматы қаласының орталығынан старт алып, 380 күннен кейін тура сол нүктеге қайтып оралды. Ол осы аралықта 28 мың километр қашықтықты жүріп өтті және 22 – Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Иран, Азербайджан, Грузия, Түркия, Болгария, Сербия, Венгрия, Австрия, Германия, Швейцария, Франция, Испания, Колумбия, Эквадор, Австралия, Таиланд, Камбоджа, Лаос, Қытай елдерін аралады.</p> <p>2016 жылдың ақпанында Мақсұт Жұмаевпен бірге Қазақ Географиялық қоғамының экспедициясы барысында Оңтүстік Американың биік нүктесі Аконкагуа шыңына (6962 м) шықты.</p> <p>2016 жылдың маусымында актриса Айсұлу Әзімбаевамен бірге Еуропаның биік нүктелерінің бірі Эльбрус шыңына (5642 м) көтерілді. Сол жылдың желтоқсанында</p>

	<p>Қазақстанның туы Антарктиданың Винсон (4892 м) шыңына ілді.</p>
	<p><b>Гүлмира Абдрашева</b> - «Клуб Добряков» еріктілер қозғалысының негізін қалаушы.</p> <p>Ол екі жыл бұрын Instagram әлеуметтік платформасының жоғары тиімділігін пайдаланып, көмекке мұқтаж жандардың базасы орналастырылған ашық топ құрады. Қайырымдылар клубының ұраны: «Қайда болсаң да, пайдаң тисін!».</p> <p>«Клуб добряков» атты қайырымдылық қозғалысын өз қалаларында көргісі келетін тұрғындардың сұрауы бойынша сол қалада клуб ашылады. Басқа 4 клуб солай пайда болды.</p> <p>Клубтың арқасында 30-дан астам адам жұмысқа орналастырылды. Отбасында бір немесе одан да көп мүгедек баласы барлар, көп балалы отбасылар, жалғызбасты зейнеткерлер, жетімдер клубтың тұрақты қамқорында. Сонымен қатар, өмірдің қиын жағдайына ұшыраған адамдарға да көмек көрсетеді.</p> <p>Гүлмира әлеуметтік жағдайы төмен адамдарға, мұқтаж жандар мен үйі жоқ жануарларға тегін көмек көрсетеді. Қайырымдылық шаралары Гүлмираға ешқандай қаржылық пайда әкелмейді. Гүлмира Абдрашева қоғамға нағыз әкпейіл жанның қандай болатынын үлгі етіп жүр.</p>
	<p><b>Ғалымжан Алиуханов</b> – әскери қызметкер.</p> <p>Ефрейтор Ғалымжан Әлеуханов – 61993 әскери бөлімі десанттық-шабуылдау батальонының әскери қызметкері. Ғалымжан өртке оранған пәтерден екі баланы алып шыққан қайсар жан. Бірде жауынгерлік кезекшіліктен шығып, үйіне бет алған ефрейтор Ғалымжан Әлеуханов бес қабатты үйдегі пәтерлердің бірінің терезесінен шыққан будақтаған түтін мен отты көріп қалады. Дереву оқиға орнына жетіп, өрт сөндіру сатысымен үйдің шатырына шығып, шатыр қаптамасын жұлып алып, подъезге кіреді. Үйдің есігі ашық болғандықтан ол еш кедергісіз пәтерге енеді. Алдымен айқайлап үйде адам бар ма соны білуге тырысады. Ешкім жауап қатпағаннан кейін, әр бөлмені тінтіп, мұқият қарай бастайды. Түпкі бөлмеден 4-5 жас шамасындағы екі баланың ес-түссіз жатқан жерінен тауып алады. Дереву балаларды сыртқа алып шығады.</p> <p>«Мен ешқандай ерлік жасаған жоқпын, - дейді Ғалымжан қысылып. – Бұл әр азаматтың парызы. Мейлі әскери, мейлі қарапайым азамат болса да кез-кел адам осылай жасайды деп ойлаймын. Командирлеріме зор алғыс айтамын. Олар</p>



	<p>бізді шынықтырып, физикалық күйде болуымызды қадағалайды. Бабымда болуым осы жолы да маған көмектесті».</p>
	<p><b>Үмбетов Қайрат Жарылқасынұлы</b> - полковник, ҚР Ұлттық гвардиясының «Орталық» аймақтық қолбасшылығының 6505 әскери бөлімі командирінің бірінші орынбасары.</p> <p>2016 жылдың 7-сәуірінде Қарағанды облысының Қарабас кентіндегі оқу-жаттығу орталығында жедел қызметтің жеке құрамымен бірге граната лақтыру барысында 6505 әскери бөлімінің бастығы Қайрат Үмбетов өз өмірін қатерге тіге отырып, жас жауынгерді өз денесімен қалқалап жапты және оны өлімнен құтқарды.</p> <p>Жарылыс салдарынан офицер жарқыншақ тиіп жарақатты, қатардағы жауынгер А.Сұлтанқұлов бірнеше болмашы жарақат алды. Полковниктің өзі болса, бұл әрекетін ерлікке бағаламайды.</p> <p>Қайрат Үмбетов жауынгермен таныс болмаған. Жасақта 3 мыңға жуық адам бар, олардың барлығын тану мүмкін емес. Соған қарамастан өз өмірін қатерге тіге отырып, көмекке келген. Қайрат Үмбетов 38 жыл ғұмырының 21 жылын Отанға қызмет етуге арнаған. Осы уақытқа дейін оның тәжірибесінде бұндай жағдай болмаған.</p> <p>Полковник өмірін құтқарған он тоғыз жасар жауынгер Абзал Сұлтанқұлов әскерге 2015 жылы шақырылған. Ол гранатаны лақтырғанда, тапсырманы дұрыс орындауға тырысқанын, бірақ сол мезетте қатты қобалжығанын айтты. Кейінірек, жауынгер жауынгерлік жаттығуларды орындау кезінде гранатаны жеткіліксіз күшпен лақтырғаны анықталды.</p>
	<p><b>Кузин Денис Валерьевич</b> – конькимен жүгіруден әлем және Азия чемпионы, қазақстандық конькимен жүгіруші, спринттік көпсайысшы, Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Коньки спорт түрінен әлем чемпионы атағына ие жалғыз қазақстандық.</p> <p>1998 жылы оны әжесі бапкер Пастушенко Николай Петрович жұмыс істейтін коньки тебу секциясына алып келеді. 2008 жылға дейін облыстың коньки тебуден құрама командасының болды. Осы жылы Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командасына мүше болды.</p> <p>2012 жылы жарақат алуына байланысты спортта үзіліс алуға тура келді. Емделіп келген соң, жаттықтырушының өтінішімен спортпен айналысуды қайта жалғастырады.</p>

	<p>Алты айдан кейін Әлем чемпионатында жеңіске жетеді. Қазақстанның коньки тебу сорты тарихындағы бірінші Әлем чемпионы.</p> <p>2010 жыл - Ванкувердегі (Канада) қысқы Олимпиада ойындарының қатысушысы;</p> <p>2011 ж. - 1500 м қашықтықта VII қысқы Азия ойындарының жеңімпазы (Астана, Қазақстан);</p> <p>2012 ж. - 1500 м қашықтықта Азия чемпионатының жеңімпазы (Астана, Қазақстан);</p> <p>2013 ж. - 1000 метр қашықтықта әлем чемпионатының жеңімпазы (Сочи, Ресей);</p> <p>2014 ж. - Сочидегі (Ресей) қысқы Олимпиада ойындарына қатысушысы; Әлем кубогының жеңімпазы; Әлем чемпионатында кіші алтын және кіші қола медаль иегері;</p> <p>2017 ж. - 1000 метр қашықтықта өтетін VIII қысқы Азия ойындарының күміс жүлдегері, Саппородағы (Жапония) командалық жарыстың қола жүлдегері.</p>
<p>б. «Жоғары құзыреттілік»</p> 	<p><b>Әлімханова Роза Сейтқалиқызы</b> – медицина ғылымдарының докторы, профессор.</p> <p>30 жылдан астам уақыт ерте жастағы балалардың тірек-қимыл аппараты патологиясын (майтабан, буын кемістіктері, ортан жіліктің сынуы) отасыз емдеумен айналысып келеді. Балалармен көп жылғы жұмыс істеуінің және туа бітті деформация мәселесін зерттеу нәтижесінде әлемде ұқсастығы жоқ емдеудің ғажайып әдісін ойлап тапты</p> <p>Қазақстандық зерттеушінің жұмысы әлемдік қоғамдастықтың назарынан тыс қалған жоқ. Роза Сейтқалиқызы Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымның Алтын медаліне лайық деп табылды. Оның осы саладағы жетістіктері мен жаңалықтарын Қытай және Еуропаның тәжірибелі дәрігерлері мен ғалымдары мойындады. Ол – 30-дан астам өнертабыстың, 120 ғылыми еңбектің, 5 оқу әдістемесінің және 6 монографияның авторы.</p> <p>Қазақстанның үздік өнертапқыш әйелі деп танылған Роза Әлімханова Қарағанды мемлекеттік медицина университетінің түлегі. Аспирантура мен докторантураны Мәскеу қаласында бітірді. Біліктілігін Қытай мен Еуропада (Франция, Бельгия, Италия) арттырды.</p>



**Дмитриенко Елена Александровна** – «Жұлдыз» балалар қоғамдық ұйымы республикалық одағының президенті, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақстанның балалар және пионерлер ұйымы одағы сыйлығының лауреаты, ҚР Білім беру ісінің үздігі, «Құрмет» орденінің кавалері, балалар қозғалысын зерттеу ассоциясының «балалар қозғалысының теориясын, әдістемесін әзірлеудегі, әлеуметтік кинетика жаңа білім саласының негізін салудағы еңбегі үшін Алтын патент» иегері (Мәскеу қ., 2002 ж.).

«Жұлдыз» авторлық бағдарламасы көп жылдан бері балаларды тәрбиелеудің тиімді құралы ретінде Астана, Алматы, Қарағанды, Қостанай, Өскемен, Ақмола, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында және басқа да өңірлерде кеңінен қолданылып келеді.



**Акулов Владимир Иосифович** – «Қамысты» ШҚ басшысы, «Қамысты-2» ЖШС директорының басқаруымен қалыптасқан шаруақожалық асыл тұқымды мал асырау саласында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді, селекциялық жұмыстардың қорытындысы ретінде – «Алтын белгі» алтын медалін алды - 2010 жылы сүтті қызыл ала малды өсіру бойынша ең үздік шаруашылық.

Шығыс-Қазақстан облысы бойынша ең жоғарғы сауын және салмақ өсімін алуы, шаруашылықты электронды басқаруы, заманауи, жоғары технологиялы сүт-тауарларының фермасы мен сиыр сауу орындары бар кешендерді салуы, агрономиядағы озық инновациялық амалдарды қолдану арқылы жемшөп базасында өсірілген құрама жем зауыдының жұмысын жүргізуі, егін шаруашылығында жаңа техникларды пайдалануы, қызметтің басқа да салаларындағы қызметі шаруа қожалығына және жауапкершілігі шектеулі серіктестікке абырой мен танымалдылық әкелді.

Балалар мен жастардың тәрбиесіне ерекше назар аударады. Шаруашылықтың еңбек ұжымының жұмысында жазғы каникулдық мерзімде кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі аудандық комиссияның шешімі бойынша ұлдар мен қыздар әке-шешелерімен бірге егін алқаптарында және фермаларда, асханаларда және басқа да құрылымдарда ата-аналарынан үлгі ала отырып жұмыс істейді, еңбектің алғашқы дағдыларына қол жеткізеді, мамандықтардың ерекшеліктерін көреді және сезінеді.

Жерлестерінің өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау

	<p>мақсатында көптеген жұмыстар жасалды: жолдар мен ауыл көшелері асфальттандырылды, олар қысы-жазы күтіп-ұсталады, бау-бақшаларды жырту және арамшөптерді өңдеу бойынша өтеусіз көмек көрсету ұйымдастырылған, сол себептен тұрғындар ультразаманауи тұрмыстық құралдар мен санитарлық техникаларды пайдалану мүмкіндігіне ие. Әр қайсысы ұялы байланыстың әр түрлі операторларын таңдауға және қызметтерін алуға және кеңжолалық Интернетті пайдалануға құқылы.</p>
<p>7. «Тұлғалық өсу»</p> 	<p><b>Алексей Лодочников</b> - қазақстандық жас домбырашы-әнші. Алексей өзінің іс-әрекетімен сенім арқылы алдына қойған мақсаттарына жету керектігін дәлелдеп жүр. Алексей қазақ тілінде жетік сөйлеп қана қоймайды, домбырада керемет ойнайды және де өзінің жастығына қарамастан кітап жазады.</p> <p>1999 жылы Ақсу қаласында дүниеге келген. Қашыр балалар үйінің тәрбиеленушісі. Соңғы 14 жыл бойы Алексей балалар үйінде тәрбиеленді. «Дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат – музыкалық колледж» кешені» ММ «Домбырамен халық әндерін орындау» бөліміне түседі.</p> <p>2014 жылы Алексей Екібастұз қаласында бірінші рет Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың алдында өнер көрсетеді. Бұл өнер көрсету оқушының өміріне үлкен ынта берді. Көп кешікпей ол республикалық және облыстық музыкалық конкурстарға қатысып, жүлделі орындар алады. Музыкалық колледжде оқып жүрген уақытта Алексей өзінің оқу орнындағы «Жас Отан» ЖҚ жетекшісі болады.</p>
	<p><b>Наталья Григорьевна Дементьева</b> - Көкшетау гуманитарлық-техникалық лицейінің директоры.</p> <p>Ол «Нұр Отан» партиясының белсенді мүшесі. 2009 жылы Астана қаласында өткізілген партияның кезектен тыс съезінде еліміздің жастары мен мұғалімдерінің атынан Елбасының алдында сөз сөйлеу құрметіне ие болды.</p> <p>2009 жылдан бастап 2016 жыл аралығында лицейдегі мұғалімдік жұмысын «Қазақстан-Көкшетау» Ақмола телерадиокорпорациясының тележүргізушісі қызметімен қатар алып жүрді. «Біз үйрендік!» (тақырыбы – өзге ұлт өкілдері арасында мемлекеттік тілді насихаттау), «Мың бір сөз» (қазақ тілінің теледидарлық сабағы), «Живой родник» (Қазақстанның танымал тұлғалары туралы), «Бір шағырақ астында» (Ақмола облысының Ассамблеясымен бірлескен жоба) атты өзінің авторлық жобалары бар, 2012 жылдың қыркүйек айынан бастап эфирге «Танымал» жобасы шықты.</p>

	<p>Наталья Григорьевна мемлекеттік тілді білудің әр түрлі деңгейі бойынша өткен конкурстардың бірнеше мәрте жүлдегері болды, олардың ішінде: 2002 ж.- «Государственный язык – мой язык» қалалық, облыстық конкурстарда 1-орын, 2003 ж. «Тіл – халықтың қазынасы» республикалық конкурсында 1-орын, осы жылы – «Ұстаз» номинациясы бойынша сертификат иеленді. Наталья Григорьевнаның оқушылары 15 жыл бойы өзге ұлт өкілдерінің арасында мемлекеттік тілді білу бойынша өткен конкурстардың бірнеше мәрте жүлдегерлері болып табылады.</p>
	<p><b>Майышев Қайрат Әлембайұлы</b> - «Жас Қанат 2006» құс фабрикасының директоры  2007 -2016 жылдар аралығында «Жас-Қанат 2006» ЖШС құс фабрикасы жаңарудың үш кезеңін өткерді, кәсіпорынның өнімділігі 2857%-ға артты, құстар саны – 2857 %-ға артты, 249 жұмыс орны құрылды.  «Жас Қанат 2006» ЖШС-нің нарықтық экономикадағы дамуы – мемлекеттік қолдаудың, бизнесті дамытудың жаңа инновациялық тәсілдерін дұрыс қолдану мен маркетингтік стратегияны оңтайлы қолданудың арқасында мүмкін болды. Кәсіпорын құру мақсатында директор К.А.Майышев үлкен тәуекелге баруды қажет ететін несие бағдарламаларына қатысуға шешім қабылдай білді.  Өзінің ойларын жүзеге асыруда Қайрат жауапкершілік, еңбекқорлық, жауапкершілік, білімін арттыру тәрізді жеке қасиеттерді жетекшілікке алады.  2011 жылдан қазіргі уақытқа дейін К.А. Майышев «Нұр Отан» ХДП мүшесі, сондай-ақ Қазақстанның құс өсірушілер одағының мүшесі болып табылады. 2016 жылдан бастап - Қостанай облыстық мәслихатының депутаты.</p>

Осылайша, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы білім алушылардың тұлғалық дамуына, мектепте білім және тәрбие беруде ерекше маңыздылыққа ие болады. Замандастарымыздың жетістіктері мектеп оқушыларының мүмкіндіктерін, сонымен бірге мақсатқа жету үшін уақытты тиімді пайдаланулары үшін де қажет.

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» ұлттық жобасының жеңімпаздары өз істерімен заманауи трендтерді бейнелейді, инновациялардың жасампаздығына ынталандырады.

## 2 «100 жаңа есім» жобасы қаһармандарының өнегесімен оқушыларға тәрбие беру бойынша әдістемелік ұсыныстар

Жалпы білім беретін мектепте «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында оқушыларды тәрбиелеудің басым бағыттары:

- жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие;
- рухани-адамгершілік тәрбие;
- ұлттық тәрбие;
- зияткерлік тәрбие;
- еңбек тәрбиесі және кәсіби өзін-өзі анықтау;
- экологиялық тәрбие;
- көпмәдениетті тәрбие;
- көркем-эстетикалық тәрбие;
- көшбасшылық қасиеттерді дамыту.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негізі болып табылатын бұл бағыттар білім беру ұйымдарында «100 жаңа есім» жобасы қаһармандарымен жүргізілген жұмыстардың тәрбиелік мазмұнын құрайды.

*«100 жаңа есім» жұмыстарының мақсаттары*

Білім беру ұйымдарында жүргізілетін жұмыстар келесі мақсаттарды қамтиды:

1. «Рухани жаңғыру» бағыттарын түсіндіру.
2. «100 жаңа есім» жобасын насихаттау.
3. Ұлы Даланың 7 кереметін насихаттау.
4. Өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру.
5. Жеңімпаздардың жетістіктерін ғылыми тұрғыда түсіндіру.
6. Оқушыларға кәсіптік бағдар беру.
7. Едәуір сұранысқа ие кәсіппен таныстыру.

*«100 жаңа есім» жұмыстарының міндеттері:*

Нәтижеге бағытталған жұмыстарды жүзеге асыру жолында өзіндік міндеттер бар. Аталған міндеттер мазмұнына қарай бірнеше салаға жіктеледі.

1. *Әлеуметтік-педагогикалық міндеттері:*

- «100 жаңа есім» қаһармандары өнегесімен тәрбиелеу;
- азаматтық көзқарас қалыптастыру;
- «Кіші Отан» қаһармандары өмірінен өнеге алуға тәрбиелеу.

2. *Білімділік міндеттері:*

- «100 жаңа есім» қаһармандары өмірімен таныстыру;
- «Рухани жаңғыру» жолында елдің даму бағыттарын түсіндіру;
- қажетті ақпаратты іріктеу дағдысын меңгеру;
- коммуникабельді тұлға қалыптастыру.

3. *Танымдық міндеттері:*

- «100 жаңа есім» қаһармандарының жетістікке жету жолын түсіндіру;
- еңбек нарығында сұранысқа ие жаңа мамандықтармен таныстыру;
- мамандыққа қызығушылығын ояту;

- «100 жаңа есім» жеңімпаздары қаһармандарының жасау арқылы кәсіпорындар мен өндіріс орындарына таныстыру;

- болашақ мамандықты болжауға мүмкіндік туғызу, өзіндік қорытынды, түйін жасауға баулу;

- оқушылардың заманауи сұранысқа ие жаңа мамандықтар бойынша танымын арттыру, қызығушылығын ояту, кәсіби бағдарлау жұмыстарын қамтамасыз ету.

#### 4. *Тәрбиелік міндеттері:*

- ашықтық, жоғары адамгершілік, толеранттылық, Отанға деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу;

- бос уақыттарын тиімді пайдалануды, салауатты өмір салтына қалыптастыру;

- өзінің туған өлкесіне, туған елі Қазақстанға деген патриоттық сезімін, сүйіспеншілігін тәрбиелеу;

- төзімділікті, өлкенің көпұлттылық және көпмәдениеттілік жағдайында төзімді мінез-құлық қалыптастыру;

- пәннің мазмұнымен тек оқушыны ғана емес, оның ата-анасын да қызықтыру;

- көшбасшылық қасиеттері бар, жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты тәрбиелеу;

- мектеп оқушыларын қоғамдық пайдалы жұмыстарға қатыстыру.

#### 5. *Дамытушылық міндеттері:*

- Отандық экономиканы дамытуға үлес қосуға ынталандыру;

- білім алушыларға кәсіптік бағдар беру;

- жаңа кәсіптерді өз бетімен үйренуге деген қызығушылығын дамыту, оқушылардың шығармашылық қабілетін өз бетінше іздестіру-зерттеу жұмысына үйрету арқылы шеберліктерін шыңдау;

- болашақта білімді жалғастыру, мамандық және жұмыс орнын таңдау сұрақтарын шешуге бағыттау;

- туған елдің экономикасын дамытуға үлес қосуға деген ұмтылысты дамыту.

#### 6. *Зерттеушілік сипаттағы міндеттер:*

- Ұлы Даланың 7 кереметін түсіндіру;

- «100 жаңа есім» жобасы жеңімпаздары туралы білімін кеңейтуді қамтамасыз ету, ақпараттық іздестіру-зерттеу жұмысының негізін үйрену;

- жоба жеңімпаздары өмірбаянына қызығушылық қалыптастыру;

- білім алушылар арасында мамандықты таңдауға, зерттеуге, зерделеуге қызығушылығын тудыру;

- білім алушылар арасындағы экскурсиялық – кәсіптік бағдар беру жұмыстары шеңберінде оқушылардың іздестіру және оқу-зерттеу әрекеттерін белсендіру.

#### *«100 жаңа есім» бойынша сабақ түрлері*

Білім алушыларға «100 жаңа есім» жобасы жеңімпаздары арқылы тәрбие беру жұмыстарын дәстүрлі немесе дәстүрлі емес сабақтар арқылы таныстыра

аламыз. Дәстүрлі сабақтарға пән бойынша күнделікті сабақтар жатады. Дәстүрлі емес сабақтар – қалыптан тыс, күнделікті сабақтан өзгеше сабақтың жаңартылған түрлері. Дәстүрлі емес сабақтарды өтілу нұсқасы мен мақсат-міндеттеріне қарай 3 топқа бөлуге болады: *ой қорыту сабағы, ойын сабағы, жарыс сабақтары.*

«100 жаңа есім» жобасы жеңімпаздары арқылы тәрбие беру жұмыстарын пән мұғалімдерінен басқа кітапханашы, әлеуметтік-педагог, психолог, тәлімгер тағы басқа мамандар жүргізе алады. Жоба жеңімпазының саласына қарай тәрбие жұмыстары әртүрлі бағытта өрбиді. Атап айтқанда:

1. Оқу пәндері бойынша.
2. Қосымша білім беру сабақтарында.
3. Мектеп кітапханасында.
4. Мектеп сайттарында.
5. Сынып сағаттарында.
6. Оқушылар ұйымында.
7. Кәсіптік бағдар беру жұмыстарында.
8. Ата-аналармен жұмыс барысында.

*Оқу пәндері бойынша*

«100 Жаңа есім» жобасы жеңімпаздарымен тәрбиелеу жұмыстарын мынадай оқу пәндеріне енгізуге болады.

1. *Жаратылыстану-математика пәндері.*
2. *Қоғамдық-гуманитарлық пәндер.*

Оқу жылы басында жоғарыда көрсетілген пәндер бойынша күнтізбелік жоспарына «100 Жаңа есім» жеңімпазын кіріктіруге ыңғайлы тақырыптар таңдалады. Жоспарды мектеп әкімшілігі бекітеді. Жоспарда сабақтың қонағы, тақырыбы, уақыты, сыныбы көрсетілгенін ескереміз.

Кіріктірілген сабақтарда пән мұғалімі жеке педагогикалық шеберліктеріне қарай түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана алады. Оның ішінде мына әдістер тиімділігі зор деп есептейміз:

- презентациялар;
- зерттеу сабағы;
- пікірталастар;
- блиц-сұрақтар әдісі;
- іскерлік ойындар;
- рөлдік ойындар;
- топпен жұмыс т.б.

Төменде кіріктірген сабақ өткізуге болатын бөлімдер мен тақырыптар бірнеше пәндер бойынша берілген.

*Пән бойынша таңдалған бөлімдер мен тақырыптар:*

Сынып	Пән бойынша тақырыптары	«100 жаңа есім»
	<b>Жаратылыстану</b>	
5	Адам. Жер. Ғалам	Рыспеков Тимур Олегович
	Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер	



	Экология және тұрақты даму	Хон Юрий
6	Энергия және қозғалыс	Сағымбаев Мағжан
	Экология және тұрақты даму	Талапұлы
	Әлемді өзгертетін жаңалықтар	
<b>География</b>		
7	Зерттеу және зерттеушілер	Сағымбаев Мағжан Талапұлы
	Литосфера	Мырзагалым Санжар
	Атмосфера	
	Гидросфера	
	Биосфера	Подольских Александр
	Дүние жүзі елдері	Николаевич
8	Зерттеу және зерттеушілер	Сағымбаев Мағжан
	Литосфера	Талапұлы
	Атмосфера	Рыспеков Тимур Олегович
	Гидросфера	
	Биосфера	
	Халық географиясы	Хон Юрий
	Қазақстан және жақын шетел елдері	
9	Табиғи ресурстар	Подольских Александр Николаевич
	Әлеуметтік-экономикалық ресурстар	
	Дүние жүзі елдері	
<b>Өлкетану</b>		
5-7	Қазақстан тарихы	Тосқанбаев Арман
	Музыка	Бекарыс Ақсақалұлы
	Қазақ әдебиеті	Шойбеков
	География	Хон Юрий
<b>Физика</b>		
7	Қысым	Сағымбаев Мағжан Талапұлы
	Жұмыс және қуат	
	Жер және Ғарыш	Ернұр Рысмагамбетов
8	Тұрақты электр тогы	Жилкашинова Альмира Михайловна
	Электр және магнетизм	
	Жарық құбылыстары	Нұрхат Қуандықұлы Жәкиев
9	Кинематика негіздері	Сергей Николаевич Лукашенко
	Астрономия негіздері	Мырзагалым Санжар
	Динамика негіздері	Серик Нуркенов. Ядерная медицина
	Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі	Тимур Рыспеков
	Экологиялық мәдениет	Хон Юрий

<b>Биология</b>		
7	Экожүйелер	Алмаз Ибрагимов
	Тыныс алу	Рафикова Хадичахан Сабиржановна
	Микробиология және биотехнология	Мыңжылқы Бердіходжаев
8	Жасушалық биология	Саутбаева Замира
	Молекулалық биология	Бауржановна
	Биосфера, экожүйе, популяция	Подольских Александр Николаевич
	Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері	Хон Юрий
	Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері	Подольских Александр Николаевич
	Молекулалық биология	Болат Сұлтанқұлов
	Көбею	Салтанат Байқошқарова
	Өсу және даму	
<b>Математика</b>		
5	5-сыныптағы математика курсы қайталау	Маулен Бектурганов
6	6-сыныптағы математика курсы қайталау	Олег Пименов
<b>Алгебра</b>		
7	7-сыныптағы алгебра курсы қайталау	Олег Пименов
8	8-сыныптағы алгебра курсы қайталау	Татьяна Кучер
9	9-сыныптағы алгебра курсы қайталау	Мәулен Бектұрғанов
<b>Химия</b>		
7	Химиялық элементтердің периодтық кестесі	Серік Нұркенов
	Адам ағзасындағы химиялық элементтер	Махамбаев Ғабит
	Геологиялық химиялық қосылыстар	Джандильдинович
8	Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары.	Рафикова Хадичахан Сабиржанқызы
	Генетикалық байланыс	Серик Нуркенов
	Су	Тосқанбаев Арман Айдосович
9	Органикалық химияға кіріспе	
	Көмірсутектер. Отын	
	Оттекті және азотты органикалық қосылыстар	Мырзағалым Санжар
<b>Информатика</b>		
5	Интернеттегі қауіпсіздік	Қуат Есенов
6	Компьютерлік ойындарды құру	Қуат Есенов
7	Шешімдерді программалау	Арман Ерғалиұлы Сүлейменов

8	Программалар жасаудың кіріктірілген орталары	Ғалым Нұрланов
9	Ақпаратпен жұмыс	Иван Крепак
<b>Көркем еңбек</b>		
5-7	Визуалды өнер	Исламбек Салжанов
	Сәндік-қолданбалы өнер	Әлібек Ибраев
	Дизайн және технология	Мая Жұманбекова
	Жұмысты қорғау.	Айдос Мирамбекұлы Есмағамбетов
<b>Құқық негіздері</b>		
9	Еңбек құқығы түсінігі	Айдос Есмағамбетов
	Еңбекті қорғау	Әмір Қуат
	Еңбек шарты	Исламбек Салжанов
<b>«Қазақстан тарихы»</b>		
5	Ежелгі көшпелілер өмірі	Тұрсынов Алмат
	Өлкетану	
	Ежелгі Қазақстан тарихына шолу	
6	Өлкетану	Тұрсынов Алмат
	Қазақ халқының қалыптасуы	
	Біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы	
7	Қазақ-жоңғар соғыстары	Тұрсынов Алмат
	XIX ғасыр - XX ғасырдың басындағы Қазақстанның мәдениеті	
8	XX ғасырдың басындағы Қазақстан	Айдарбеков Айдие
	Қазақстанда кеңестік биліктің орнығуы	Уланбекулы
	Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: білім мен ғылым	Жудебаев Арман
	Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында	Адильханович
9	Қазақстан қайта құру кезеңінде (1986-1991 жылдар)	Акулов Владимир Иосифович
	Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы (1991 – 1996 жылдар)	Евдаев Рашбиль Ильхананович
	Қазақстан Республикасының дамуы (1997 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін)	Газдиева Белла Асланбековна
	Қазіргі заманғы Қазақстан мәдениеті (1991 жылдан бүгінгі күнге дейін)	Анвара Садықова
<b>Қазақ әдебиеті</b>		
5	Таза, мінсіз асыл сөз	Ержан Жұмабек
6	Туған жерім-аялы алтын бесігім	Қуаныш Жұмабек
7	Толғауы тоқсан қызыл тіл	Бекарыс Ақсақалұлы
8	Дананың сөзі – ақылдың көзі	Шойбеков

9	Атадан қалған асыл сөз	
<b>Қазақ тілі мен әдебиеті</b>		
5	Отбасындағы дәстүр мен мерекелер	Александр Пупенко
	Ежелгі көшпелілер мәдениеті	Елена Дмитриенко
	Менің Тәуелсіз Қазақстаным	
6	Отан отбасынан басталады	Назгүл Кенжетай
	Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада	Ақжүрек Таңатаров
	Олимпиада жеңімпаздары – Қазақстан мақтанышы	
7	Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілін оқып-үйренеміз. Үштілді білу – үлкен өнер	Иван Крепак Сымбат Әбдірахманова
	Музыка. Қазақтың киелі домбырасы	Әлібек Әлмәдиев
	Ғылым мен техниканың соңғы жаңалықтары	Арман Жолдыбалинов
8	Кәсіп – бақыттың шырағы, Еңбек – ырыстың бұлағы	Әмір Қуат
	Қазақтың айтыс өнері мен сөз мәдениеті	Бекарыс Ақсақалұлы Шойбеков
9	Қазақ жазуының даму жолы	Евгений Чуриков
	Биотехнология жаңалықтары	
	Болашақ энергия көздері.	Мырзагалым Санжар
<b>Дене шынықтыру</b>		
5	Өзгертілген командалық ойын	Никита Амоскин
	Гимнастика арқылы денсаулықты нығайту	Тамила Муридова
	Қазақтың ұлттық және зияткерлік ойындары	
6	Командалық спорттық ойындар	Әсел Дәлиева
	Қазақтың ұлттық және зияткерлік ойындары	Есматов Серик
7	Жеңіл атлетика арқылы белсенді өмір салты	Ержан Сәлімгереев
8	Ойын арқылы мәселелерді шешу дағдылары	Бейсенов Алмас Серикович
9	Команда құру ойындары	Кузин Денис Валерьевич
	Қозғалыс белсенділігі арқылы денсаулық және фитнес	
<b>Өзін-өзі тану</b>		
5-9	Таным қуанышы	Ердос Төлегенов
	Адам болам десеңіз...	Мақпал Тәжмағамбетова
	Адам және әлем	Дементьева Наталья Григорьевна

	Адамзаттың рухани тәжірибесі	Бахтияр Базарбеков
<b>Музыка</b>		
5	Музыка тыңдау және талдау	Жүдебаев
	Музыкалық сауаттылық	Арман Әділханұлы
	Шығармашылық жұмыстарды таныстыру және бағалау	Ерлан Бақтыгерей
6	Классикалық музыканың үздік туындылары	Абдысагин
	Орган музыкасы	Рахат-Би Төлегенұлы
	Музыка шығару және импровизация	Калыкова Саида
	Шығармашылық жұмыстарды таныстыру және бағалау	Тұрарбекқызы

Мектептегі музыка сабақтарының «Қазақ халқының музыкалық мұрасы», «Қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-салт әндері және заманауи музыкасы», «Әлем халықтарының музыкалық дәстүрі» және басқа да тақырыптарында жас композитор, пианист, халықаралық конкурстардың лауреаты, 100-ден аса музыкалық шығармалардың авторы – Абдысагин Рахат-Би Төлегенұлының, ерекше талант иесі, музыка академигі, Қазақстан Республикасы мәдениетінің дамуына қосқан үлесі үшін «Жан шуақ» сыйлықақысының иегері, Астана қаласы Мемлекеттік Академиялық филармониясының солисі – Қалықова Саида Тұрарбековнаның, Ш.Қажғалиев атындағы 1-ші Республикалық дирижерлар конкурсының лауреаты, Астана қаласындағы Академиялық филармония симфониялық оркестрінің бас дирижеры және көркемдік жетекшісі – Ерлан Бақтыгерейдің өмірімен және шығармашылығымен таныстыра отырып қазақ халқының және әлем халықтары музыкалық дәстүрлерінің ерекшеліктерін анықтауды, олардың жұмыстарының негізінде өзінің жұмысын жақсарту үшін ұсыныстар енгізу мақсаттарын жүзеге асыруға болады [1].

#### *Музыка*

1-жоба. Пән: музыка. Сынып: 5

Бөлім «Классикалық музыканың үздік туындылары»

Тақырып: Симфониялық музыка

Оқу мақсаты: Тыңдаған музыкалық шығарманы талдау және өнердің түрлері, стилі және жанларын, сонымен қатар, өнердің өзге түрлерімен байланысын анықтау *Бағалау критерийі* Білім алушы

• Музыкалық шығармадағы аспаптың, өнердің түрлерін, стилін, жанрын және үндестік ерекшеліктерін анықтайды

Сабақтың түрі: Шеберлік сабағы

Кездесу қонағы: Абдысагин Рахат-Би Төлегенұлы

Мұғалімнің кіріспе сөзі: «100 жаңа есім» жобасына еліміздің түкпір-түкпірінен білімі мен қоғамға сіңірген еңбегі және ерекше қасиеттерімен дараланған азаматтар таңдалған. Соның бірі – жас композитор, пианист, халықаралық конкурстардың лауреаты Абдысагин Рахат-Би Төлегенұлы.

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Кездесу қонағы туралы слайд-шоу көрсетіледі. Сөз беріледі.

- Музыка әлемінің кереметі. Өнер туралы не білеміз?
- Оркестрмен орындалатын танымал классикалық шығармалар.
- Оркестр мен эстраданың қоғамға тигізер әсері қандай?

Осы сұрақтар төңірегінде маманның пікірі тыңдалынады, ол күйсандықта ойнап музыкалық шеберлігімен бөліседі. Вена классиктерінің музыкалық шығармаларындағы жанрды, стилді түсіндіріп, ерекшеліктерін көрсетеді.

Тапсырма: Берілген шығарма бойынша жанрды, стилді түсіндір.

*Дескриптор* Білім алушы:

- Вена классиктерін анықтайды;
- шығармалардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажыратады;
- музыкалық жанрын, стилін анықтайды.

Сабақ қорытынды бөлімі сұрақ-жауап түрінде өтеді.

Оқушылар музыкантпен естелік суретке түседі.

2-жоба. Пән: музыка. Сынып: 6

Бөлім «Классикалық музыканың үздік туындылары».

Тақырып: Симфониялық музыка

Сабақтың түрі: Шеберлік сабағы

Оқу мақсаты:

Оркестрлер түрлеріндегі музыкалық аспаптардың дыбысталуын ажырату, оларды топтар бойынша жіктеу

*Бағалау критерийі* Білім алушы

•Оркестр түрлерін анықтап, музыкалық аспаптардың дыбысталуына қарай ажыратады, жіктейді

Кездесу қонағы: Шамқон Қажығалиев атындағы 1-ші Республикалық дирижёрлар конкурсының лауреаты – Ерлан Бақтыгерей.

Сабақтың барысы:

Мұғалімнің кіріспе сөзі: «100 жаңа есім» жобасына еліміздің түкпір-түкпірінен білімі мен қоғамға сіңірген еңбегі және ерекше қасиеттерімен дараланған азаматтар таңдалған. Соның бірі – Ерлан Бақтыгерей.

Ерлан Бақтыгерейдің үздіктердің қатарына ілінуі бекер емес. Себебі, сахна киелі жер. Мұнда таланты таудай, еңбегі ерен адамдардың ғана өнері өрге жүзіп, биік шыңдардан көрінеді. Гастрольде әлемдік жұлдыздармен бірге өнер көрсетіп, талайды таң-тамаша еткізген. Енді кеш қонағына сөз кезегін беремін.

- Ұлттық өнерімізді неліктен ұмытып бара жатырмыз?
- Оркестр сахнада қалай ойнайды?
- Оркестр түрлері қандай?
- Симфониялық оркестрде аспаптар қалай жіктеледі?
- Оркестрде қандай ұлттық аспаптар ойналады?
- Ұлттық өнерді көрсету мен ұлттық әнді шырқаудың ерекшелігі не?
- Концерт вариантында қалай шығу? Қалай отыру керек?
- Оркестрдегі дирижёрдің қызметі қандай? т.б.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану .

Сұхбат барысында мектептегі жас домбырашылар үйірмесіне дирижерлік шеберлік көрсетеді. Оқушылар орындаған шығармаларға баға беріп, жіберген бірқатар кемшіліктерін көрсетеді. Жеке шеберлігін көрсетеді.

Тапсырма:

1. Симфониялық оркестр орындауындағы аспаптарды жіктелуіне қарай топтастырып, постер қорғаңыз.

2. Бос орынға оркестр түрлерін жазыңыз.

Дескриптор: Білім алушы

— симфониялық оркестр аспаптарын жіктейді;

— топтастырып, постер түрінде қорғайды;

— оркестр түрлерін анықтайды.

Қорытынды бөлімінде:

Оқушылардың сұрақтарына жауап беріп, естелік суретке түседі.

*Физика*

Сабақтың тақырыбы: «Физика – менің өмірім».

Сабақтың мақсаттары:

Білімдік: Электр және магнетизм тарауы бойынша алған білімдерін бекіту және физика пәніне деген қызығушылығын арттыру.

Дамытушылық: білім алушылардың шығармашылық ізденісін, тапқырлығын, зеректігін, ойлауға икемділігін дамытуға ықпал ету.

Тәрбиелік: Оқушыларға «100 жаңа есім» жоба жеңімпазын таныстыру. Үлгі алуға тәрбиелеу.

Сабақ түрі: жарыс сабақ

Әдісі. Топ бойынша жұмыс

Көрнекілігі: тұрақты магниттер, фотолар, слайдтар

Пәнаралық байланыс: химия, география, биология

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен сәлемдесу, оқушылардың сабаққа қатысуын түгендеу, назарларын сабаққа аудару, сабақ мақсатымен таныстыру. Слайд-шоу көрсету. Жас ғалымдармен таныстыру.

*Альмира Жилқашинова* – физик, өнертапқыш. Жас физик 40 градус аязда энергияны өндіретін жел генераторын ойлап тапты. Инновациялық дамудың арқасында Альмира Жилқашинова «Шапағат-2015» республикалық өнертапқыштар байқауын жеңіп алды.

Альмира ұжымдық пайдаланудың ұлттық ғылыми зертханасының Энергияны үнемдеу және альтернативті энергетика зертханасының меңгерушісі болып табылатын жел генераторы қазақстандық инновациялар тізіліміне енгізілген.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жел генераторының оңтайлы моделін құру үшін грантты көптеген мәселелерді ескере отырып берді десек болады. Себебі, отандық қондырғылар жергілікті жағдайларға барынша бейімделуі керек, Қазақстан даласының желдің аэродинамикасы мен ауыр Сібір аязын ескеру керек.

Альмира Михайлқызы еліміздің алдыңғы қатарлы ЖОО-нан басқа ғалымдармен бірге жел электр станциясының прототипін жасау бойынша жұмыс жасайды. Альмираның басты мақсаты - бүкіл әлемде теңдесі жоқ және Қазақстан Республикасының патенттерімен қорғалған, отандық компоненттермен жабдықталған үш қабатты шағын гибридті жел электр станциясының (КТГВЭС) прототипін жасау.

*Ернұр Рысмағамбетов* – физик, жаттықтырушы, мұғалім, Халықаралық қаржы орталығы бюросының басшысы.

Ернұр Рысмағамбетов 1986 жылы 28 сәуірде Жезқазған қаласында дүниеге келді. Ернұр 11 сынып оқып жүрген кезінде Кембридж университетіне оқуға шақыру алады. Физика пәні бойынша халықаралық олимпиадалардың (IPhO) алтын және күміс медальдарының иегері – Бали, Индонезия, 2002 және Тайбэй, Тайвань 2003; 2000-2004 ж.ж. физика бойынша республикалық олимпиаданың төрт мәрте жеңімпазы және 2003 жылы республикалық мектеп олимпиадасының абсолютті чемпионы [1].

Қазақстан Республикасы Ұлттық командасын мектепаралық ғылыми жарыстарының дайындығына белсенді қатысушыларының бірі. 5 жыл бойы жаттықтырушы ретінде Ернұрдың жетекшілігімен оқушылар 25 мүмкін медальдің ішінен 24 медальді жеңіп алды, оның ішінде 6 алтын, 15 күміс және 3 қола.

2007 жылы Калифорния Технологиялар Институтын «Бизнес, Экономика және Менеджмент» мамандығы бойынша тәмамдады, Лондондағы колледждің студенттік алмасу бағдарламасы бойынша оқыды. 2006 жылдың жазында Нью-Йорктегі «JP Morgan Chase» Инвестициялық Банкінде тағылымдамадан өтті. 2007 жылдан бастап 2009 жылға дейін Wilshire Associates қаржы-талдау корпорациясының талдаушысы және құрылымдалған қаржы құралдары бөлімінің бастығы болды.

- Балалар, біздің саяхат сабағымызда Сіздерге таныстырған жас ғалымдарымыз әділ қазы болады. Олай болса саяхатты бастайық.

Мұғалім саяхатты бастаушы болады, оқушылар 2 топқа бөлініп ізіне ереді. Қарама-қарсы столдарға жайғасады. «Дала» слайды көрсетіледі.

Мұғалім: «Дала қандай тамаша, серуенге де күн ашық кезде шыққан екенбіз, жүріңдер!»

Оқушы: Апай, мен жерден магнит тауып алдым, бұл сізге керек қой?

М: Иә, әрине үлкен кесегін тауыпсың ғой. Мұны қытайлықтар не деп атайтынын білесіңдер ме?

О: Иә, мұны қытайлықтар «Сүюші тас» деп атайды. Бұл өз балаларын бауырына тартқан «нәзік анадай» өз бауырына тартады деген мағынаны береді.

М: Өте дұрыс, магнит барлық заттарды да өзіне тартады ма?

О: Жоқ, магнитке нашар тартылатын және одан тебілетін де заттар бар

М. Олар қандай заттар?

О: Марганец, алюминий сияқты металдар нашар тартылады, ал диамагнетик деп аталатын мырыш, висмут, күкірт сияқты денелер күшті магниттерден тебіледі.



М: Оқушылар, біз саяхатымызды зауыттарға барумен жалғастырамыз, бірақ біз адастық, оқушылар енді қайттік?

О: Апай, завод қай жақта деп едіңіз?

М: Солтүстік жақта

О: Сасатын түгі жоқ, менде компас бар, оңай табуға болады

М: Иә, бірақ оны қалай пайдаланамыз?

О: Жер алып магнит. Оның оңтүстік және солтүстік полюстері болады. Оның оңтүстік полюсі солтүстік географиялық ендікпен, солтүстік полюсі жердің оңтүстік географиялық ендігімен сәйкес келеді. Компастың тілшесі жердің магнит өрісі әсеріне сезімтал болғандықтан, ол үнемі солтүстік полюсті көрсетіп тұрады. Міне, солтүстік жақ, кеттік!

М. Жарайсың, компас болмағанда адасатын едік

О: Апай, кеш батып барады, қай жерге аялдаймыз?

М: Күн жылы, тез күркемізді тігіп, тамақтанайық, демалып, таңертең жолға шығамыз

О: Онда мен балауыз шамын жағайын, электр жарығы жоқ қой.

Жағылған шам жалынына екі жағына тауып алған магниттің тақағанда, шам жалынының формасы өзгереді.

Мұны көрген мұғалім: Жаңа ғана түзу жанып тұрған шам жалынының формасы өзгеруінің себебі неде?

О: Апай, күшті магниттік әсерге сезімталдығын көрсетіп тұр

М: Барғанша жол қысқарсын, мына сурет нені білдіреді, қолдың үстіне неге шегелер белгілі бір ретпен орналасқан?

О: Ол электромагнит өрістеріне қойылған қол арқылы магнит күштері өтіп жатыр, ал шегелер магниттің күш сызықтарының сызбасын көрсетеді. Ал қолдың өзі магнит күшін мүлде сезбейді.

М: Сен тауып алған магнит пен мына электромагнит арасында айырмашылық бар ма?

О: Мен тауып алған магнит табиғи магнит және тұрақты магнит деген түрі де бар. Ал мына электромагнит өздерін ораған электр тогымен магниттелген темір массасы.

Слайд арқылы жүк пойыздарына тиелген темір бөшекелер көрсетіледі.

М: Оқушылар ана кетіп бара жатқан бөшекелер, тонналаған темір шегелер, вагондар бір жерден екінші жерге қалай тасымалданады?

О: Мұндай үлкен массаларды ұстап тұру, бір орыннан екінші орынға жылжыту электромагниттік көтергіш крандар арқылы жүзеге асырылады. Орамдарына электр тогын жібергенде ол магниттеліп, бөшкеге тиелген шегелерді, темір кесектерін бір жерден екінші жерге тасымалдайды. Тіпті 1 вагонды да көтеретін қуаты өте күшті электромагниттер де бар.

О: Бұл ғажап екен!

М: Ғажабы ғажап қой, бірақ кенет электр тогы болмай қалса ше, адамдар өліп қалмай ма?

О: Осындай апат жағдайы болған. Сонан кейін осындай қауіпті жағдайларды болдырмау және электр энергиясын үнемдеу мақсатында

электромагниттерге ерекше тетіктер орнатылады. Тасылатын заттарды магнит көтергеннен кейін электромагниттің бүйір жағынан мықты болат қапсырмалар төмен түсіріліп, тығыз етіп жабылады. Бұлар жүктерді өздері ұстап тұрады, ал жүктерді тасу кезінде ток беру тоқталады.

М: Иә, бұл қазіргі техниканың дамығандығының айғағы. Қатты қыздырылған темір болванкаларды да таси алады ма?

О: Жоқ, бұл белгілі бір температурада ғана болуы мүмкін. Қызған металл магниттелмейді. 800<sup>0</sup>қа дейін қыздырылған магнит өзінің магниттік қасиетін жоғалтады.

М: Жарайсың, мұны бәріміздің білгеніміз жөн.

О: Апай, сиқыршылар сиқыр көрсетеді деп жазыпты, сонда баралық!

М: Барсақ, баралық.

Слайд арқылы жердегі темір жәшікті көтерген, сонан соң сол жәшікті көтере алмаған балуан суреті көрсетіледі. Оқушылар сиқырды көріп шыққан сыңай танытады.

М: Балалар, шынымен де сиқыршының сиқыры күшті екен, үлкен темір жәшікті көтеріп тұрған балуанның күшін алып қойды емес пе? Әп-сәтте –ақ көтеріп тұрған жәшігін көтере алмай қалды ғой?

О: Ой, апай, сиқыршының білімі күшті де, білімі жоқ надандарды алдап соқты. Жәшіктің темір түбі күшті электромагнит полюсі болып табылатын тығырық үстіне қойылған. Ток жоқ кезде жәшікті көтеру қиын емес, бірақ орамына ток жіберген электромагнит магниттеліп, олар бір біріне тартылады.

М: Жарайсың!

О. Апай анада біз көмектесіп екен зығыр, жоңышқа алқабын көре кетелік?

М: Көрсек көрейік, жүріңдер, кеттік!

О: Керемет болып өсіп келеді екен! Жақсы суғарылыпты да.

М: Бірақ арамшөптер қаптап кетіпті ғой, мұнан қалай құтыламыз, жұламыз ба?

О: Апай, алқап өте үлкен ғой, сондықтан қолмен жұлғаннан көп уақыт кетеді. Оны ауылшаруашылығы мамандарының өздері бірер минутта-ақ тазалап тастайды.

М: Қалайша?

О: Зығыр, жоңышқаның тұқымдары жылтыр, ал арамшөптердің тұқымдары түкті болып келеді. Шөп арасына ұсақ темір үгінділерін сепсе, жылтыр тұқымға жабыспай, арамшөп тұқымдарына жабысады. Сосын оны арнайы электромагниттер көмегімен тартып алады.

М: Өте дұрыс, жарайсың! Бұл электромагниттерді, индукциялық токтарды басқа қайда пайдалануға болады?

О: Энергияның түрлерін электр энергиясына айналдыратын генераторлар, трансформаторлар мен двигательдердің жұмысы осы электромагниттік индукция құбылысына негізделген. Автокөліктер де генератор өндірген индукциялық токпен жұмыс жасайды. Аккумулятор батареяларынан генератор орамдарына ток беріліп, одан үлкен мөлшерде индукциялық ток алынады.

О: Дене шынықтыруда ауыр атлеттер электромагниттер арқылы жаттығады. Жоғарыға ілінген электромагнит пен қолына ұстаған өтек арасындағы тартылысты жеңуге тырысады. Тартылыс күшін тоққа байланысты тренерлер реттеп отырады.

М: Мына тұрақты магниттің ұштарына жабысқан кілт неге оның ортасына жабыспайды?

О: Оның екі ұшы магниттің полюстері деп аталады, ал магнит полюстерінде магниттік күш күшті де, полюстен алыстаған сайын оның әсері әлсірейді.

М: Жарайсыңдар, оқушылар! Сендер электромагниттік өріс және магнит өрісі тараулары бойынша біраз білім алғандарыңды көріп тұрмын. Алдағы уақытта мұнымен тоқтап қалмай, білімдеріңді шыңдай түсулерің керек. Бүгінгі саяхатымыз осымен аяқталды. Сендерге көп-көп рахмет!

- Әділ-қазылар алқасы қай топ жеңімпаз екендігін анықтап, мұғалім жекелеген оқушыларды бағалайды.

Сабақты қорытындылау. Үйге тапсырма беру [2].

*Дене шынықтыру*

Гимнастика арқылы денсаулықты нығайту		Мектеп:
Күні:		Мұғалімнің аты-жөні:
Сынып: 5		
Сабақ тақырыбы:	Қазақтың ұлттық және зияткерлік ойындары	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	5.2.7.1 жарыс кезінде әділ ойнау, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлық көрсету және түсіндіру; 5.2.3.1 қолайлы оқу ортасын қалыптастыру бойынша, біріккен әрі тиімді жұмыс дағдыларын түсіну және анықтау; 5.3.5.1 басқа адамдардың дене жаттығуларының тәжірибелерін байытуға арналған дағдыларды білу және орындау	
Сабақ мақсаттары	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жарыс кезінде әділ ойнау, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлық көрсетеді және түсінеді</li> <li>• Қолайлы оқу ортасын қалыптастыру бойынша, біріккен әрі тиімді жұмыс дағдыларын түсіну және анықтайды</li> <li>• Басқа адамдардың дене жаттығуларының тәжірибелерін байытуға арналған дағдыларды білу және орындайды</li> </ul>	
Жетістік критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жарыс кезінде әділ ойнау, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлық көрсетеді және түсіне алады</li> <li>• Қолайлы оқу ортасын қалыптастыру бойынша, біріккен әрі тиімді жұмыс дағдыларын түсіну және анықтай біледі</li> <li>• Басқа адамдардың дене жаттығуларының тәжірибелерін байытуға арналған дағдыларды білу және орындай алады</li> </ul>	
Тілдік мақсаттар	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Кешенді жалпы дамыту жаттығуларының негізін құрады және орындай алады</li> </ul> <p><i>Пәнге тән лексика мен үш тілдегі терминология:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• <i>Патриотизм – patriotism</i></li> <li>• <i>Ынтымақтастық - сотрудничество - cooperation</i></li> </ul> <p><i>Диалог пен жазу үшін пайдалы сөз тіркестері:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қазақтың ұлттық ойындарына қандай ойындар жатады?</li> </ul>	

	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қазақтың ұлттық ойындары мен зияткерлік ойындардың айырмасы қандай?</li> </ul>	
Құндылықтарды дамыту	Өз бетімен және топта жұмыс жасай білу. Патриотизм. Өзін-өзі жетілдіру мен дамыту қажеттілігін сезіну.	
Пәнаралық байланыстар	Дене бұлшық еттердің дамуы ж/е жүрек соғысының өзгерісі туралы биология пәнімен байланыстырып, сабақтастыру	
АКТ қолдану дағдылары	Интернет арқылы қазақтың ұлттық ойындары туралы толық мағлұмат алады	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы 10 мин.	<p>1. Ұйымдастыру кезеңі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- сапқа тұру, сәлемдесу;</li> <li>- сабақтың оқу мақсатын, сабақтың мақсатын және жетістік критерийін түсіндіріп мәлімдеу;</li> </ul> <p>Мұғалімнің кіріспе сөзі: -Тарихы сан мың жылдық тоғызқұмалақ ойыны – қазақ ұлтының әлемдік өркениетке қосқан жарқын үлесінің бірі. Қазақтың ұлттық зияткерлік спортының қазіргі жарық жұлдызы – тоғызқұмалақтан әлемнің 7 дүркін чемпионы 27 жасар Әсел Далиева. Ол – тоғызқұмалақтан Қазақстан еңбек сіңірген спорт шебері атанған жалғыз әрі ұлттық спорт түрлері арасында осы атақты иеленген тұңғыш спортшы. Тоғызқұмалақты тоғыз жасында ойнай бастаған Әсел Далиева он екі жасында - еліміздің ең жас спорт шебері, ал он алты жасында - халықаралық дәрежедегі спорт шебері нормативін орындаған ең жас спортшы атанады. Жиырма жасына дейін жастар арасында республикалық тоғызқұмалақ жарыстарының 6 дүркін жеңімпазы болды. Ал ересектер арасындағы республикалық додаларда 11 мәрте чемпион атанып, көптеген халықарлық жарыстарда жеңіс тұғырына көтеріледі. 2013 жылы Әселге Азияда ойындарының алауын жағу мәртебесі берілді.</p> <p>Тапсырма</p> <p>1. Берілген суреттерде қазақтың қандай ұлттық ойындары көрсетілген.</p> <p>2. Ұлттық ойындарға қазіргі заманауи құралдармен балама ойын құрастырыңыз.</p> <p>Жарыс кезінде әділ ойнау, патриотизм және ынтымақтастық туралы ақпаратты талқылаңыз.</p> <p>Дескриптор <i>Білім алушы</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• ұлттық зияткерлік ойын түрлерін ажыратады;</li> <li>• қазіргі заманауи құралдармен балама ойын құрастырады;</li> <li>• жарыс кезінде әділ ойнауды, өз тобының жеңуіне патриоттық қолдау көрсетуді және ынтымақтастыққа шақыру туралы ақпаратты талқылайды.</li> </ul>	Әр жаттығудың дұрыс орындалуын қадағалау
Сабақтың	Кездесу қонағы шеберлік сағатын өткізеді. Оқушыларға.	

<p>ортасы 25 мин.</p>	<p>«Тоғыз құмалақ» ойынын үйретеді. Берілген ойынның орындалуының тиімді жолдарын топта талқылаңыз. Дескриптор <i>Білім алушы</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ «Тоғыз құмалақ» ойынын ойнайды;</li> <li>▪ ойынның шартын орындайды;</li> <li>▪ ойынның тиімді жолдарын топта талқылайды;</li> <li>▪ өзі алған ақпаратты басқаларға жеткізеді.</li> </ul>										
<p>Сабақтың соңы 5 мин.</p>	<p>1. Оқушылар естелік суретке түседі. Қолтаңба алады. 2. Үйге тапсырма: Тоғызқұмалақ ойыны ережесін жаттау. 3. Кері байланыс. Рефлексия. Оқушылар түрлі- түсті қағаз арқылы сабақ туралы пікірлерін төмендегі «Бағдаршам»таблицасына белгі қою арқылы білдіреді</p> <table border="1" data-bbox="375 712 1209 922"> <tr> <td data-bbox="375 712 762 757">● Нені үйрендіңіз?</td> <td data-bbox="762 712 976 757"></td> <td data-bbox="976 712 1209 757"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="375 757 762 833">● Нені үйрене алмадыңыз?</td> <td data-bbox="762 757 976 833"></td> <td data-bbox="976 757 1209 833"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="375 833 762 922">● Келеш екте не білгіңіз келеді?</td> <td data-bbox="762 833 976 922"></td> <td data-bbox="976 833 1209 922"></td> </tr> </table>	● Нені үйрендіңіз?			● Нені үйрене алмадыңыз?			● Келеш екте не білгіңіз келеді?			<p>Түрлі-түсті қағаз-қалам,толтыру парақшасы</p>
● Нені үйрендіңіз?											
● Нені үйрене алмадыңыз?											
● Келеш екте не білгіңіз келеді?											
<p>Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</p>									
<p>-Композициялық тапсырмалар кезінде нәтижесі, тапсырмасы мен жабдығы бойынша айырмашылық. -сөз қорын тереңдету үшін реттіліктерін құрғанда қабілетті оқушыларға қиындау сұрақтар қойыңыз. -Сәл әлсіз оқушыларға көмектесу үшін композициялық тапсырмаларды және де топ мүшелері санын азайту немесе жеңілдету.</p>	<p>-Байқау, тыңдау, сұрақ қою. -Оқушылар қозғалғанда қажет болғанда тоқтап, қауіпсіздік туралы біліп, тапсырмаға қатыса ма? - Оқушылар жаттығу мен жүгіру арасындағы айырмашылықты біле ме? - Оқушылар залдағы кеңістік пен қозғалыс координациясын қалай үйлестіре алады? - Топтық композиция мен талқылау сапасы</p>	<p>- Ғылыммен байланыс – денсаулық пен дене, қауіпсіздік, салмақ/ағын динамикасы</p>									
<p><i>Сабақ бойынша рефлексия</i> <i>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба?</i> <i>Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме?</i> <i>Жеткізбесе, неліктен?</i> <i>Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?</i> <i>Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?</i> <i>Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен</i></p>	<p><i>Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.</i></p>										

Жалпы баға

Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1:

2:

Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1:

2:

Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?

[3].

### *Қазақ әдебиеті*

Сабақ түрі: Онлайн-конференция сабақ

Тақырыбы: «Айтыс өнері»

Конференция қонағы: ҚР Мәдениет қайраткері, мемлекеттік «Дарын» сыйлығының иегері, «100 Жаңа есім» жоба жеңімпазы айтыскер ақын *Бекарыс Шойбеков*.

Барысы: Айтыскер ақын ең алдымен өзінің өмірі жайлы мәлімет берді. Мұнан соң, айтыс өнерінің ерекшелігіне тоқталады. Айтыстың ұлттық бірегейлікті сақтау, ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатын айтып өтеді. Қазіргі айтыс өнерінің өңірлердегі жарқын өкілдері туралы әңгіме қозғайды. Айтыс түрлерінен мысалдар келтіреді. Сонымен қатар, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі 6 басымдылығын (Бәсекелік қабілет, Прагматизм, Ұлттық бірегейлікті сақтау, Білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, Сананың ашықтығы) түсіндіреді.

Кері байланыста сұрақтарға жауап берді. Онлайн сабаққа бір мезетте бірнеше мектеп оқушылары қатыса алады.

### *Құқық негіздері*

Балаға көбіне әсер ететін орта, ол – достары мен құрбылары екенін ескере келе, оқушылардың бойында өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыра білуін және айналасындағы құрбы-достарына жас жеткіншектердің заңға сәйкестілігін қадағалау қабілетін қалыптастыру мақсатында тәрбиелік-құқықтық сауаттандыру жұмысын жүргізе білуіміз керек.

Қазіргі уақытта білім алушылар арасындағы девиантты мінез-құлық көріністері елімізде өзекеті мәселеге айналды. Оның алдын алу бойынша өңірлерде кешенді жұмыстар жүргізілуде. Бұл жұмыстарды «100 жаңа есім» жеңімпаздары арқылы да жүргізудің жолы бар. Іскерлік және рольдік ойын түрінде өткізілетін тәрбие сағатында білім алушыларға кәсіптік бағдар беру мен құқықтық тәрбие береді. Ол үшін кездесуге Ішкі істер министрлігі тарапынан 2006 жылы «Үздік қызметі үшін» төсбелгісін иеленген, жоба жеңімпазы *Дәурен Қасымжанұлы Алтаевты* шақырамыз.

Құқықтық тәрбие сағаты. Қатысушылар жоғары сынып оқушылары.

Сабақтың тақырыбы: Әрдайым жақсылық жасауға, мейірімді болуға ұмтыл.

Мақсаты: Кәсіптік бағдар және құқықтық білім беру, оқушылар арасындағы әлімжеттілік, бопсалау, ұрлық т.б қылмыстың алдын-алу.

Сабактың қонағы: Дәурен Қасымжанұлы Алтаев

Қатысушылар құрамы: жоғары мектеп оқушылары. Оқушылар ролдерді өздері ойнап, мамандықпен танысады, құқықтық білім және тәлім-тәрбие алады.

Елдің бетке ұстар абыройлы азаматтары арасында құқық қорғау саласының қызметкерлерінің басым болуы заңды.

Ерлік жасау, өз өмірін тәуекелге тігіп өзге жандардың өмірін арашалау олардың күнделікті жұмысы сияқты. Елбасымыздың бастамасымен қолға алынған «100 есім» жобасының бір кейіпкері – Дәурен Қасымжанұлы Алтаев осындай абыройлы азамат.

Дәурен Қасымжанұлы 1976 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Абыралы ауданы, Алғабас селосында дүниеге келген. Бала кезде ғарышқа ұшу, әлемді құтқару, полиция болу керемет асқақ армандар еді ғой. Көп бала армандайтын. Бірақ арманын жүзеге асырғандар көп емес. Бала Дәурен полиция болуды армандаған екен. Мектеп бітірген соң, Отан алдындағы борышын атқару үшін әскерге аттанады. Әскерден кейін, 1996 жылы ішкі істер органдарына қызметке тұрады. Жол патрульдік қызметінің милиционері, кезекші бөлімнің жедел кезекшісінің көмекшісі қызметтерін абыроймен атқарады.

Б.Бейсенов атындағы Қарағанды жоғары мектебінің заңгер мамандығына сырттай түсіп, 2005 жылы аяқтап, офицер атанады. Содан бастап, яғни, 2006 жылдан бері учаскелік полиция инспекторы қызметін адал атқарып келеді.

Дәурен Қасымжанұлы облыстық ІД және қалалық ІБ басшылығы тарапынан бірнеше мәрте марапатқа ие болған, сондай-ақ, мінсіз қызметі үшін ІІ және ІІІ дәрежелі медальдармен марапатталды. Ішкі істер министрлігі тарапынан 2006 жылы «Үздік қызметі үшін» төсбелгісін иеленді.

Дәурен Қасымжанұлының өз ісіне адалдығы, көзсіз ерлігін дәлелдейтін деректер көп. Солардың бірі қызыл жалын арасынан құтқарып қалған төрт бала туралы. Оқиға былай болған еді: оған Майқұдық елді мекеніндегі үйлердің біріне жетуі керектігі туралы хабарлама түседі. Айтылған орынға жетсе, бес қабатты үйдің ең жоғарғы қабатындағы пәтер өртеніп жатыр екен. Шулаған көршілері үй ішінде балалар барын айтады. Сол сәтте тілсіз жаудың алаулаған жалыны менқою қара түтініне қарамастан, Дәурен Қасымжанұлы білек сыбана балаларды құтқаруға кірісіп кетті. Үйге кірсе, кереуеттің үстінде ес-түссіз жатқан төрт бала бар екен. Дереу екеуін иығына салып, сыртқа алып шығады, бұл кезде жалын одан сайын өрши түскен екен.

«Екінші рет кірейін дегенімде, өрт қарқын ала түсіпті. Сонда да жанымды шүберекке түйіп, балаларды алып шықтым», – дейді сақшы.

Осылайша, ол төрт бірдей балаға екінші өмір сыйлады. Айтпақшы, Дәурен Қасымжанұлы төрт бала тәрбиелеп отырған үлгілі әке. Арда азамат туралы жазылатын әңгіме де, сұхбат та әлі алда деген ойдамыз.

Мысалы: мектеп инспекторы мен сынып жетекшілер біріге отырып құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында композициялы ойын сабақ ұйымдастыруға болады [4].

Ми – сот төрағасы.

Ақыл – прокурор.  
Адамгершілік – қорғаушы.  
Сабыр – медиатор.  
Ашу – жауапкер.  
Кек – талапкер.  
Ыза – куәгер.

Сценарий желісі. Білім алушылар арасында келіспеушілік туындап, бопсалау, әлімжеттілік орын алады. Оқиға бойынша сот процесі жүргізіледі.

Ми: - бүгін залға не үшін жиналып отырғандарыңызды білетін шығарсыздар. Ендеше сөз кезегі сіздерде.

Ашу: - Мына шіркін, сені шыбын құрлы көріп тұрған жоқ қой. Мынаның сазайын тарттыру керек. Көзіне көк шыбын үймелету керек.

Кек: - Е, қорқақ жүр онда, өзіннен кішкентайлардан сөз естіп.

Ақыл: - жә, жетер тоқтат! Ақылыңнан адастын ба, ол Ашу сені қорғайын демекші. Мені тыңдасаң қор болмайсың. Әлімжеттік ол әлсіздік емес. Егер сен мықты болсаң спорт алаңдарында, спорт сайыстарында дәлелде. Көрейік сенің мықты екенінді.

Кек: - мен сенің орнында болсам. Мынаның көзіне көк шыбын үймелетер едім. Әлде сен одан қорқып тұрсың ба? мен сені осыншалықты әлсіз деп ойламаппын.

Ыза: -дұрыс айтасың, дұрыс айтасың! Мұны сөйтіп сазайын тарттыру керек.

Сабыр: -сәл сабыр ет! Сабаңа түс. Ақыл мен адамгершілікті тыңда. Олар сенің өміріңдегі жол көрсетуші бағдаршамын. Сондықтан да сен бос уақытыңда дұрыс шешім қабылда. Өз өмірің өзіннің қолында. Ашумен өз өміріңе балта шаппа.

Адамгершілік: - о, батыр саған не болды. қасқыр екең, қасқырда жолдасыңа қастық қылмайды. Оның жанында сен Адамсың ғой! Сен сәлде болса осы туралы ойланып көрдің бе?

«Аға алдында пейіліңді көрсет, іні алдында мейіріміңді көрсет» деген. Сенің аға екенін рас, үлкендігің рас. Асығыстық жасап, ағат кетсең сені орны толмас өкініш күтіп тұр. Адам - ұрпағымен ұлы, еңбегмен –ерен, келешегімен – кемел болса оның алтын тамыры тәлім-тәрбиеден басталады. Ұлтымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы «Тәртіпке бағынған құл болмайды» - дегендей, Сіз өзіңіздің жақсы қасиеттеріңізді, ақылыңызды тыңдасаңыз және сол ақылыңызды тыңдап дұрыс шешім қабылдаңыз. Жасы кішіге мейірімділік көрсетіңіз. Сіз тәртіпті оқушы деген атаққа лайықты болыңыз.

Сондықтан Ашу мен Ызаның айыптарын негізсіз деп тауып, Ақылдың шешімін күшінде қалдырамыз. Сот аяқталды.

Мұндай құқықтық тәрбие сабақтарын мектеп сайттарына орналастырудың маңызы зор болмақ.

*Қосымша білім беру сабақтарында*

Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алудың бірден-бір жолы – бұл оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуін ұйымдастыру. Егер де



бала өз уақытын тиімді іске арнайтын болса, оған ұстаздары үлкен сенімділік артып, белсенділігін қолдайтын болса, бала тәртіпсіздік жасау түгіл, тіпті жаман әдетке бойын алдырмауға да дағдыланып кетеді. Себебі, балалар бір-бірінің тәрбиешісі, өзгеге ұқсап алға ұмтылудың портретін жасайды.

Мектепте әр түрлі үйірмелер бар. Пән мұғалімдерінен өзге де мамандық иелері де ұйымдастыра алады. мәселен, кітапханашы «Жас кітапханашы» үйірмесін, мектеп инспекторы «Қыран» жас полицейлер тобын, әлеуметтік педагог «Қайырымдылар» клубын ұйымдастыруға болады. Оқушылар өзінің бейімділігіне қарай клубтарға, топтарға, үйірмелерге жазылады. Үйірме жетекшілерінің ұйымдастырумен «100 жаңа есім» жобасы жеңімпаздарымен кездесу ұйымдастырамыз. Бұл кездесулерді мынадай түрде өткізуге болады:

1. Шеберлік сабағы.
2. Тренинг өткізу.
3. Жарыс сабақ.
4. Ойын сабақ.
5. Байқау сабақ т.б.

Елімізге танымал адамдардың өмірі мен кәсібі білім алушыларды қатты қызықтырып, олардың сана-сезіміне, мінез-құлқына үлкен әсер етеді. Білім мен өмірлік тәжірибесі жеткіліксіз білім алушылар танымал адамдардың іс-әрекеттеріне қарап, оларға еліктеп әрекет етуге тырысады.

Қосымша білім беру жалпы білім берудің ажырамас (вариативті) бөлігі болып табылады, ол оқушыға білім мен шығармашылыққа деген тұрақты қажеттілікке ие болуына, мүмкіндігінше өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі тануына мүмкіндік береді. Үйірмелердегі сыныптан тыс жұмыстар арқылы «100 жаңа есім» жобасы қаһармандарының табысты өмірін пайдалана отырып білім алушылардың ұстанымдарын жақсартуға, өзгертуге және өзін-өзі тәрбиелеуге талпынысын ұйымдастыруды ұсынамыз.

<i>Сыныптан тыс жұмыстар: үйірмелер</i>	<i>«100 жаңа есім» жобасы қаһармандары</i>
<p><i>«Жас математиктер» үйірмесі</i>                      Пәндік үйірме сыныптан тыс жұмыстардың негізгі түрі. Нақты ғылымдардың бірі математика болса, бұл пәнді жете ұғындыру қажет-ақ. Математикалық үйірменің оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырумен қатар, математикалық ой-өрісін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өзіндік жұмыс жасау қабілеттілігін жоғарылатуға математикалық білімінің сапалылығына ықпалы зор.                      Математика пәнінен үйірмені ұйымдастыруға мектеп мұғалімдеріне көмек болар деген үмітпен үйірме жоспары мен үйірменің кейбір сабақтарының тапсырма үлгісін, сабақты ұйымдастыру тәсілдерін ұсынып отырмын.</p>	<p>Асан Жолдасов – «Пифагор» қосымша білім беру мектебінің негізін қалаушы. 2006 жылы ешқандай инвесторсыз «Пифагор» қосымша білім беру мектебін ашады (мектеп туралы ақпарат төменде), соның арқасында Алматы мен Астанада білім беруді белсенді дамытады. Бұдан бөлек, Асан Жолдасов университеттегі оқуын бітіріп, бакалавр және магистр дәрежесін алады. Кейін өзінің альма-матері қабырғасында компьютерлік инженерия кафедрасында дәріс оқиды. Білім беруден бөлек, Асан «Ferum Logic» стартапын құруға қатысып, өзі Аналар үйін салған. Қазір Асан Жолдасов өмірін білім берумен байланыстыруды шешкен көптеген жастарға табысты болудың үлгісі болып табылады. «Пифагор» компаниялар тобының бас директоры, бұл қоғамның болашақ зияткер буыны болатын өскелең ұрпақты оқытумен</p>

<p>Үйірменің мақсаты: Оқушыларды математика ғылымына негіз болатын білімдер жүйесімен қаруландыру және алған білімдерін практикада қолдана білудің іскерліктері мен дағдысын қалыптастыру. Әрбір жеке тұлғаның ақыл-ойының дамуына шығармашылық даму мүмкіндігіне жағдай жасау. Оқушылардың сауаттылығын есептер шығару барысында қалыптастыру, оқушылардың математикаға деген ынта-ықыласының тұрақты болуын қамтамасыз ету [5].</p>	<p>айналысатын мектеп. «Пифагор» мектебі Қазақстанның білім нарығында 2008 жылдан бері табысты жұмыс істеп келеді. 10 жыл ішінде 10000-нан аса бала оқытқан, олардың 1000-ы республикалық және халықаралық олимпиадалар жеңімпазы. Мектептің Қазақстанның 3 қаласында 7 офісі бар. Қазір мектепте 136 адам жұмыс істейді және жұмыс орнының саны жылдан жылға көбейіп келеді. Абылайхан Асылбай - қолөнер шебері. 1996 жылы Семей қаласындағы құрылыста қраннан құлап омыртқасы зақымдайды. Дәрігерлер оның енді ешқашан өз аяғын басып жүре алмайтынын айтады. Бірақ, ол өміріне шағым айтып, біреуді кінәлаған емес. Ол қазақ халқының көне өнерін қайта жаңғыртуда.</p>
<p><i>«Хенд-мейд» үйірмесі</i></p> <p>Қазіргі әлемде шеберлердің қолына шыққан бұйымдар бірегей болып табылады, ерекше қабілет иелерінің қайталанбас туындылары адамдарға сұлулық пен әсемдік сыйлайды.</p> <p>Хенд-мейд - бұл шығармашылық- таң тұратын өнер. Керамика, жүн мата, кесте және тоқыма, тастан, шыныдан, полимерлі балшықтан, ағаштан, теріден жасалған бұйымдар, жұмсақ ойыншықтар, табиғи материалдардан жасалған қабырға панельдері, дизайнерлік көйлектер мен аксессуарлар – бұның бәрі де хенд – мейд болып табылады.</p> <p>«Handmade» сөзі ағылшын тілінен аударғанда «өз қолымен» дегенді білдіреді. Адамның шығармашылық қабілеттерін дамытады. Бұл оқушылардың өздерінің жеке қасиеттерін көрсету, өздерінің әуесқойлығын таныту, өздері қалайтын мамандықты табу мүмкіндіктерінің бірі. Өз қолымен бұйымды жасау арқылы бала белгілі бір шеберліктің түрін ғана емес, сонымен қатар қиялы мен стилін, проблемаларды шешуде шығармашылық әдістерін шыңдай түседі.</p> <p>Үйірмеде жұмыс істеу әрбір балаға бірегей даралық қабілеттерін ашуға, сәндік-қолданбалы өнердің түрлерін үйренуге талпынуға, басым бағытты таңдауға және өзінің бар мүмкіншіліктерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.</p> <p>Баланың шығармашылық дамуы сәндік-қолданбалы өнердің заманауи техникаларын дамыту және оларға қолданбалы өнер құндылықтарын енгізу арқылы дамиды [6].</p>	<p>Дулыға, сауыт-сайман, қару-жарак, садақ, кіреуке – бұл қазақ батырының жабдықтары. Осындай жабдықтар Абылайхан Асылбайдың шағын «мұражайында» көрсетілген. Нақтырақ айтсақ, жеке үйдің бір бөлмесінде. Бұл бұйымдарды ол өз қолымен қарапайым қолда бар материалдардан жасап шығарады.</p> <p>Жауынгерлердің сауыт-саймандарынан бөлек ол әйелдердің ұлттық әшекейлері мен тұрмыстық заттарын дайындап, кез келген темір бұйымға екінші өмір сыйлай алады. Материалдардың қатарында тіпті консерві банкілер де бар.</p> <p>«Менің әкем, атам, арғы атам да осы қолөнермен айналысқан. Бұл біздің қанымызда бар, —дейді Абылайхан Асылбай. – Өкінішке орай, бұрын менде өнерге бос уақыт болмайтын. Жұмыс істедім, спортпен шұғылдандым. Сол күнге дейін... Бұл күнді қасіретті күн деп айта алмаймын. Мүмкін ол мен үшін бақытты күн де шығар. Өйткені мен ата-бабамның ісін жалғастырдым».</p>
<p><i>«Робототехника және моделдеу» үйірмесі</i></p>	<p>Қазақстанның жас ғалымдары</p>

<p>Робототехника саласында үздіксіз білім алу үшін қосымша білім беру жүйесінде үйірмелер ұйымдастырылады.</p> <p>Көптеген жасөспірімдер ақпараттық технологиямен байланысты мамандықтарға түседі. Роботтар, дизайн және өнертабыс ойындары қазіргі балалардың басым көпшілігіне тән. «Робототехника және модельдеу» үйірмесінде балалар қозғалтқыштарды, датчиктерді және түрлі техникалық элементтерді пайдаланатын бағдарлама үлгілерді жасау арқылы техникалық дизайнды, программалау, инженерия, электротехника, механика негіздерін үйренеді.</p> <p>«Робототехника және модельдеу» үйірмесінде олардың білімі, дағдылары мен ғылымға деген қызығушылығы қалыптасады, бұл болашақта балалардың болашақ өмірін техникалық шығармашылықпен және бағдарламалаумен байланыстыруға мүмкіндік береді.</p> <p>Жобалау мен бағдарламалау барысында балалар физика, механика, электроника және информатика саласында қосымша білім алады.</p> <p><i>«Физика біздің өмірімізде» үйірмесі</i></p> <p>Үйірме білім алушылардың функционалды сауаттылығын қоршаған айналадағы құбылыстардың мәнін негіздеу, құрылғылардың технологиялық сипаттамалары, соның ішінде тұрмыстық техника, технологиялық құралдарды қолданумен байланысты экологиялық проблемалар, біздің денеміздегі физикалық және биологиялық процестерді қалыптастыруға бағытталған.</p> <p>Үйірмедегі сабақтар өзіндік шығармашылық жұмысқа үйретеді, Білім алушылардың бастамасын дамытады, зерттеу жұмысының элементтерін өз жұмыстарына айналдырады. Бұдан басқа, олар жоғары білім беру құндылығына ие, ол команда мүшелерінің бірі ретінде адамның дамуына ықпал етеді, тағайындалған жұмыс үшін жауапкершілік сезімін қалыптастырады.</p> <p>Сыныпта алынған ақпарат оқушыларға қызықты мысалдар беруге немесе</p>	<p><i>Рысбеков Тимур</i> - жас өнертапқыш, физика, информатика, математика саласындағы 28-ден астам патент пен авторлық құқықтың иесі. Ол 1999 жылы дүниеге келген. Алматы қаласындағы М.Мәметова атындағы №28 мектеп-лицейде білім алған. Күнделікті жұмысына қолданатын қосалқы бөлшектерді «Тастақ» базарынан алып отқан. Ол 8-сыныптың ортасынан бастап оқуын Канада жалғастырды. Сондай-ақ, MIT және Стэнфорд университеті-тетінде онлайн түрде сабақ алды. Тимур 2015 жылы «Microsoft DreamSpark» бағдарламасының, 2016 жылы «Skolkovo Startup Tur» байқауының еуразиялық кезеңінің жеңімпазы атанған. Жас өнертапқыш «RIT Language» деген қазақша бағдарламалау тілін ойлап тапты.</p> <p><i>Иван Кренак</i> – мобильдік бағдарламаларды құрып, ойлап табушы және компьютерлік қауіпсіздік саласында маман.</p> <p>2016 жылы мен «Алғашқы Қазақстандық Ақылды «bLock» құлығын таныстырып, «Zharys» мобильдік бағдарламасын құрастырған ноутбукты ұтып алды. Ым-ишара тілін білмейтін мылқау жандармен қарым-қатынас жасаудағы кедергіні жоюға арналған «Voice-Komek» деп аталатын мобильдік бағдарлама құрастырды. Бүгінде бұл мобильдік бағдарламма 7 тілді «біледі».</p> <p><i>Маулен Бектурганов</i> – Жасанды интеллект, жасанды қол жасау тек шетел ғалымдарының қолынан келеді деп ойлайсыз ба? Бұлай ойласаңыз - қателесесіз. Қазақстанның медицинасы да аяқ-қолынан айырылған адамдарға толыққанды өмір сүруге мүмкіндік бере алады. Оған жас ғалым, MBionics компаниясының негізін салған Мәулен Бектұрғановтың еңбегі дәлел.</p> <p><i>Ержан Нұрединов</i> – Атырау қаласынан шыққан жас өнертапқыш, жасыл энергетика саласында бірнеше инновациялық патенттің авторы.</p> <p>«Бұл қалалық ортада күн мен желдің энергиясын бір мезгілде өндіретін көпфункционалы қондырғы. Жобаның негізгі мақсаты – қаладағы атмосфераға CO2 шығарындыларын және түтінді азайту. Сондай-ақ, қуаттылығы 5 кВт бір Күн-жел ағашының жұмысы жылына 145 кг көмірді немесе 460 мұнай баррелін үнемдейді» – дейді ол. Сондай-ақ Ержан Нұриденов «ақылды жолақты» ойлап тапқан және оны патенттеп алған. Ол бұл жобаны масштабтау кезінде Қазақстан</p>
--	---

<p>эксперименттер жасауға мүмкіндік береді [7].</p>	<p>жолдарында өлім деңгейін төмендетуге көмектесетініне сенімді.</p>
<p><i>Биология бойынша «Жас дәрігер» үйірмесі</i>          Физиология, анатомия және басқа да медициналық пәндерге қызығушылық танытқан білім алушылар «Жас дәрігер» үйірмесінде бас қосады.          Үйірмедегі сабақтар мектептің медициналық білімін жетілдіруге ықпал етеді. Олар адам ағзасында орын алатын процестермен танысады, адамның денсаулығын сақтауға бағытталған гигиеналық ережелермен, яғни биология сабақтарында бұрын алынған негізгі білімін толықтырады, сондай-ақ оқулықта берілмеген жаңа білімді меңгереді.          Бұл үйірменің мақсаты білім алушылардың медицина саласындағы мамандықтарға қызығушылығын арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру болып табылады</p>	<p>Кардиохирург Гульжан Сарсенбаева күн сайын балалардың өмірін құтқарып қалады. Ол балалардың маңызды органдарына 450 ден астам күрделі ота жасаған.          Педиатрия бойынша республикалық жетекші клиникаға мен 17 жыл бұрын жас дәрігер болып келдім. Осы клиникада тәжірибелі дәрігер, ғылыми қызметкер болып қалыптастым. Менің барлық жетістіктерім балалардың денсаулығына бағытталған.  <i>Ляззат Айтқожина</i> – гинеколог-репродуктолог. Бізге «Маған бала керек» деп ешкім күліп келмейді. Бәрінде бір мұң, қилы тағдыр бар. Жанары жасаураған әрбір жанның мұңын мұқият тыңдап, ішкі күйзелісін түсінуге тырысамын. Қалай да осы жандардың жүгін жеңілдетіп, өз тарапымнан қандай да бір көмегімді тигізгім келіп тұрады. Пациентім бала көтерсе, өзім де жүктілік бақытына жеткендей бірге қуанамын, мұнайса жұбатуға тырысамын.</p>
<p><i>«Қызықты экономика» үйірмесі</i>          Үйірмеде білім алушылар әлеуметтік бейімделу және қоғамдағы жеке адамның кәсіпкер ретінде табысты қызмет ету үшін қажетті практикалық білімді, дағдыларды және қабілеттерді алады. Білім алушылар кәсіпкерлік қызметті жоспарлау арқылы коммерциялық қызметті ұйымдастыру ережелерімен шағын бизнесті құрудың негізгі заңдарын, негізгі ұғымдарды, компанияның қызметіне ықпал ететін нарықтық тетіктермен танысады.          Білім алушылардың бизнестік сала туралы идеяларын дамытуда, оның экономикадағы орны мен маңыздылығын, экономикалық ойлау тәсілдерін және экономикалық пәндерді зерттеуге қызығушылығын анықтайтын, кәсіпкерлердің жұмысымен танысу маңызды рөл атқарады.  <i>«Бизнес жоспарлау» үйірмесі</i>          Сабақтар дәрістерді және экономика негіздерін оқып үйренудің кейс-әдісін біріктіреді, ал соңғы кезеңде білім алушылар презентациялар жүргізеді.          «Бизнес-жоспарлау» тобының информатика және коммуникациялық технологиялармен интеграциялануы, заманауи Интернет технологиялары пайдаланылады.          Экономикалық ойлау мен экономикалық</p>	<p><i>Маишев Кайрат</i> - кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру, өндіріс қарқынын дамыту және өсіру, құс фабрикасы саласындағы жаңа инвестициялық жобаларды іске асырушы.          Жас қазақстандық бизнесмендер үшін өнеге болағн инвестор, қоғам қайраткері, жас кәсіпкерлер қауымдастығының басшысы  <i>Тосканбаев Арман Айдосович.</i>          Ол бизнестегі әріптестерімен бірге ТОО "TOPFLIGHT" компаниясын құрды.          Егер сіз мықты кәсіпкер болғыңыз келсе, жаңа мүмкіндіктерге ашық бол және ешқашан өзінің кішкентай мүмкіндігінді жіберіп алма - дейді ол.          Бизнесмен <i>Бернецян Гарик 11 жылдан бері</i> «Титан-Север» жауапкершілігі шектеулі қауымдастықты басқарады.          Кәсіпорын құрылғанның бері мыңдаған шақырым жол салды, жүздеген километрге жуық су және жылу желілері салды.          Петропавлда «Еркем-ай» балабақшасы салды, бүгінде үш балабақша құрылысы жүріп жатыр.          Табысты бизнесмен, кәсіпқой суда жүзуші, Қазақстан чемпионы <i>Шахан Жолдасбаев.</i>          Шахан Жолдасбаев төрт жыл бұрын «Атамекен-Startup» бизнес идеялар байқауында алғашқы 2 миллионын ұтып алып, өз құрылыс фирмасын ашқан болатын. Құрылыс саласында табысты</p>

<p>мәдениеттің қалыптасуы белгілі бір құндылық бағдарларын дамытады, сондай-ақ өзінің жеке басын білдіруге, жұмысында рационализмге деген қызығушылық пен талпыныстарды ынталандыруға, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудің ең жақсы нұсқасын таңдауға мүмкіндік береді.</p> <p>Үйірменің ерекшелігі мета-дискілік машықтар мен дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді (информатика және коммуникациялық технологиялармен интеграция, математика, математикалық модельдеу).</p>	<p>жұмыс жасауына оның инженерлік білімі де ықпал етті. Оның «Пандус-Ок» ЖШС өндірістік және материалды-техникалық базаны дайындаумен айналысады.</p> <p>Осылайша 2014 жылдың маусым айынан бастап компания «Біз үшін бізсіз құрылыс салмаңыз!» ұранымен өз ісін бастап кетті. Осы жылдар аралығында «Пандус.Ок» әлеуметтік жобасы аясына жас кәсіпкер мүмкіндігі шектеулі жандар үшін 20 астам нысандар салды.</p>
<p style="text-align: center;"><i>«Жас химик» үйірмесі</i></p> <p>Мақсаты:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Оқушыларды бағдарлама бойынша біліммен химиялық теориямен, заңдармен, ұғымдармен қаруландырып химия пәніне қызығушылықтарын арттыру.</li> <li>2. Химиялық эксперимент жасату, химиялық реактивтерді қолдана білу арқылы оқушылардың іскерлік дағдыларын жетілдіре түсу, эксперименттік тәжірибелер орындау барысында қауіпсіздік ережелерін үйрету.</li> <li>3. Оқушыларды ойландыруға, оқулық анықтамалары мен жұмыс жасауға, істеген жұмыстарын қорытындылауға, ғылыми тілде сөйлей білуге тәрбиелеу.</li> <li>4. Химия есептерін шығарудың түрлі әдістерін үйретіп оқушыларды олимпиадаларға әзірлеу.</li> </ol> <p>Міндеті:</p> <p>оқушылардың ғылыми көзқарасын дамыту; оқушылардың ой қабілетін дамыту; заттар туралы білімдерін тереңдетіп, кеңейту және пысықтау; Қазақстанның химия өнеркәсібі және шикізат базасы туралы ұғымды қалыптастыру; Жаңа білім алу және оларды іс жүзінде қолдану мұқтаждығын қалыптастыру. Оқушыларға химиялық дүниетанымды қалыптастыру;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- заттар мен химиялық реакциялар туралы негізгі біліммен таныстыру;</li> <li>- заттарды тұрмыста, өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында қолдана білу;</li> <li>- білімді адамға қажетті химиялық түсініктерді меңгеретін бағдар беру;</li> </ul> <p>Мамандыққа бағдарлау: эколог,</p>	<p><i>Диас Тастанбеков</i> - «Болашақ» бағдарламасы бойынша магистратураны аяқтаған. Күн қуатымен жүретін батареяға арналған полимердің медициналық табиғи жолмен ыдырайтын және жартылай өткізгіш деген екі түрімен айналысты. Бүгінде Диас өзінің докторлық жұмысына арнауды жоспарлап отырған ең ірі жобасы—остеосинтез үшін табиғи ыдырағыш импланттарға тапсырыс дайындауда.</p> <p><i>Малмакова Айгүл Ербосынқызы</i>- А.Б. Бектұров атындағы Химия ғылымдары институтының қызметкері, PhD докторы. Синтетикалық және табиғи дәрілік заттар химиясы зертханасында жүргізіп жатқан зерттеулері еліміздің фармацевтика өнеркәсібін дамытуда маңызы зор.</p> <p>Ғалым зерттеулер нәтижесінде иммунды ынталандырғыш және жергілікті анестезирлеуші қасиетке ие қазіргі медицинада қолданылып жүрген препараттардан биологиялық әсерлілігі жоғары, уыттылығы біршама төмен қосылыстар синтездеп, оларға 5 инновациялық патент және 5 пайдалы модельге патент алған.</p> <p><i>Серік Нұрқенов</i> - Онкологиялық, кардиологиялық және неврологиялық ауруларды ерте диагностикалау және емдеу тиімділігін бағалау, сондай-ақ емдеу тактикасын өзгертуге себеп болатын метастатикалық зақымдануларды анықтау мақсатында иондаушы сәулелердің ашық көздерін қолдана отырып диагностикалық зерттеулерді жүзеге асырып жүрген алғашқы медицина физигі болып табылады. Қазіргі уақытта оның қатысуымен 17 мыңнан аса тексерулер жасалды, олар түрлі «жаңа өспелерді» аурудың ең ерте кезеңінде анықтауға мүмкіндік берді.</p>

<p>фармаколог, химик, химик-технолог.</p> <p><i>«Табиғат» үйірмесі</i></p> <p>Үйірменің мақсаты: - табиғаттың бір тұтастығын, табиғатқа ұқыпты қатынастың қажеттілігі, табиғатқа деген жауапкершілік қатынасты қамтамасыз ету;</p> <p>- қоршаған ортадағы өзгерістерді бақылау, жергілікті экологиялық материалдарды пайдалану;</p> <p>- жергілікті жердегі экологиялық проблемаларды өз бетінше шешуге дағдыландыру;</p> <p>- экологиялық туризм бойынша оқушыларды туризм саласына баулу; - зерттеушілік қабілетімен шығармашылық белсенділігін дамыту;</p> <p>- табиғатты қорғау шараларына өз бетінше қатыса алу үшін практикалық іс қабілетін дамыту.</p> <p>- әр оқушыға экологиялық білімді қалыптастыра отырып, денсаулықты қорғауға, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолдарын үйрете отырып, табиғат байлықтарын ұтымды пайдаланып, жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Үйірменің міндеттері:</p> <p>- экологиялық мәдениеті мен ой – өрісін дамыту, табиғатты қорғау жауапкершілігін қалыптастыру; - жер экожүйесінде өзінің әлеуметтік табиғи орнын философиялық ойлауға дауындау.</p>	<p><i>Александр Николаевич Подольских</i> – Қазақстандағы танымал ғалым-селекционер, ауыл шаруашылық ғылымдардың докторы, Қазақ күрі өсіру ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері.</p> <p>Будандастыру көлемін он есе ұлғайтуға мүмкіндік беретін, селекция процесінің нәтижесін ұлғайтатын генетика мен селекцияның заманауи әдістерін қолдана отырып, күріш сорттарын таңдау тиімділігін арттыру мақсатында өзіндік әдісті жасап шығарды. Жаңа әдіс арқасында күріш өсіруде тиімді пайдаланылатын «Арал 202», «Ару», «Арал 69», «Арал 318», «Арал 4», «Арал 6» күріш сорттары өсірілді.</p> <p>Александр Подольских – 150 ден астам ғылыми мақаланың және күріш селекциясының жаңа әдістерін шығарудағы патенттердің авторы. Ол жүйелі түрде селекция мәселелерімен айналысады. Күріштің жаңа сорттары: «ҚазНИИР 5», «ҚазНИИР 6» шығарушылардың бірі болып табылады.</p> <p>Қазіргі уақытта А.Н. Подольских жергілікті жағдайларға бейімделген, жоғарғы өнімді, астықтың жоғарғы сапасымен күріштің жаңа сорттарын өсіру бойынша белсенді зерттеу жұмыстарын жүргізуде.</p> <p>Александр Подольскийдің ғылымдағы ұзақ еңбегі – сүйікті ісіне шексіз берілгендігінің үлгісі болып табылады.</p>
<p><i>Еріктілер қозғалысы</i></p> <p>Білім беру ұйымдарындағы еріктілер қозғалысының жүйелі жұмысы жасөспірімдердің белсенді өмірлік жағдайын қалыптастыруға және салауатты өмір салтын сақтауға әсер етуі мүмкін. Жасөспірімдер өздерін құрметтейді, өзгелерге сенімді және үлгі болады.</p> <p>Еріктілер тобындағы жұмыс бозбалаларды жан-жақты өзгеруіне көмектеседі. Беймарал балалар ынталы, талапты болады. Мектепте еріктілер қозғалысын ұйымдастыру және еріктілерді іс-шараларды дайындауда оқыту үшін мамандар мен басшыларды, мысалы, ГУЛМИРА-дан кеңес алып, олардың тәжірибесін зерделеу керек.</p> <p>Білім беру ұйымдарындағы еріктілер қозғалысының жүйелі жұмысы жасөспірімдердің белсенді өмірлік жағдайын қалыптастыруға және салауатты</p>	<p><i>Гүлмира Абдрашева</i> - 2015 жылы құрылған «Клуб Добряков» еріктілер қозғалысы қазір еліміздің Астана, Алматы, Қарағанды, Шымкент, Қостанай, Ақтөбе сияқты ірі қалаларында жұмыс істейді. Бірлестікті Астана тұрғыны Гүлмира Абдрашева басқарады. «Клуб добряков» атты қайырымдылық қозғалысын өз қалаларында көргісі келетін тұрғындардың сұрауы бойынша клубтар ашылады. Клубтың арқасында 30-дан астам адам жұмысқа орналастырылды. Отбасында бір немесе одан да көп мүгедек баласы барлар, көп балалы отбасылар, зейнеткерлер клубтың тұрақты қамқорында. Гүлмира әлеуметтік жағдайы төмен адамдарға, мұқтаж жандар мен үйі жоқ жануарларға тегін көмек көрсетеді. Қайырымдылық шаралары Гүлмираға ешқандай қаржылық пайда әкелмейді. Гүлмира Абдрашева қоғамға нағыз ақпейіл жанның қандай болатынын үлгі етіп жүр. Бір мысал кетіретін болсақ, астаналық клубқа</p>

өмір салтын сақтауға әсер етуі мүмкін. Жасөспірімдер өздерін құрметтейді, өзгелерге сенімді және тартымды болады. Мұндай тәсіл жасөспірімдердің ұйымдастырушылық, шығармашылық және интеллектуалдық әлеуетін дамыту және іске асыру үшін жағдай жасайды.	жалғызбасты ана хат жазып, қазіргі уақытта кіші баласымен ауруханада жатқандықтан, үйіндегі 8 жасар ұлын мектепке алып барып алып қайтуға көмек көрсетулерін сұрайды. Бұған бей-жай қарай алмаған екі қыз, анасы мен бауыры ауруханадан шыққанға дейін әлгі отбасыны қамқорлықтарына алады.
--	---

### *Қосымша сабақ үлгілері*

Мектептегі «Жас кітапханашы», «Жас оқырман», «Жас әдебиетші» үйірме мүшелерінің өнер және қоғам қайраткерлерімен түрлі іс-шаралар өткізе аламыз. Алдымен оқушылар кездесу қонағы туралы ақпараттар жинайды, сұрақтар дайындайды, кітап көрмесін ұйымдастырады, АКТ көмегімен слайд-презентациялар, бейнебаяндар т.б дидактикалық материалдар әзірлейді. Үйірме қонағы шеберлік дағдысын жетілдіру жолдары бойынша практикалық тәжірибесімен бөлісіп, оқушылардың сұрақтарына жауап береді. Енді, үйірмедегі кездесу сабағынан үлгі берелік.

Сабақ түрі: шеберлік сабағы.

Үйірме қонағы ақын Ержан Жұмабек.

Сабақтың әдістері: миға шабуыл, презентация, пікірталастар, блиц-сұрақтар әдісі, топпен жұмыс, «ұйқасын тап», «кім жылдам» ойындары, бес жолды өлең құру, қолтаңба алу, суретке түсу т.б.

Жетекшінің кіріспе сөзі: Слайд-презентация көрсетіледі.

Ақын Е.Жұмабек өлең жазуды мектеп қабырғасынан бастаған. 2004 жылдан бері жазба өлеңдері қалалық «Семей таңы» облыстық «Ертіс өңірі» республикалық «Қазақ әдебиеті» газеттерінде жарияланып келеді. 2005 жылы жоғарғы оқулар арасында Семей қаласы бойыншы өткен «Жігіт сұлтаны» байқауында бас жүлдемен бірге «Семей серісі» атағын ұтып алды. 2005 жылы Семейде өткен қалалық «Наурыз нақыштары» атты жас ақындар айтысында 3-орын, 2006 жылы 2-орын иемденді. 2005-2006 екі жыл қатарынан қыркүйек айында тіл мерекесіне арналған Оралхан Бөкей атындағы мәнерлеп оқу шеберлігінің қалалық байқауында 2-орынды жеңіп алды.

№1 жүргізушінің сөзі:

2006 жылы М.О.Әуезов атындағы Семей университеті шығарған «Өсер өркен» жинағына бір топ өлеңдері енді. 2006, 2007, 2008 жылдары Қазақстан ұлттық телеарнасының тікелей эфирінде өткен «Қазақстан чемпионаты», «Аламан» айтыстарының жүлдегері.

Ақын айтыс түрлерінен шеберлік сағаты көрсетеді. Топпен айтыс жүргізеді.

№2 жүргізушінің сөзі:

2012 жылы Мәдениет және ақпарат министірлігінің қолдауымен «Шексіздік шұғыласы» атты жыр жинағы жарық көрді. 2015 жылы «Мереке» баспасынан жарық көрген Қазақ поэзиясының 10 томдық «Жыр маржаны» атты антологиясына өлеңдері енді. 2015 жылы Қазақстан Жастар одағы «Серпер» сыйлығын иеленді.

Үйірме мүшелері ақын өлеңдерін мәнерлеп оқиды.

№1 жүргізушінің сөзі:

2017 жылы Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында Түркия Республикасындағы Medeniyetin Burçları ұйымының қолдауымен Ыстамбұл қаласы Ezgi баспасынан «Sonsuzluk Şûlesi» атты кітабы түрік тілінде басылып шықты.

Өлеңнің шумақтарын құру мақсатында «Ұйқасын тап» ойыны ойналады.

№2 жүргізушінің сөзі:

Еңбек жолын 2008-2009 жылдары «Радио-7» радиосында музыкалық жүргізуші болып бастады. 2009-2011 жылдары Қазақ инновациялық гуманитарлық –заң университетінде оқытушы, 2011-2012 жылдары Семей мемлекеттік медицина университетінің қазақ және латын кафедрасында оқытушы болып қызмет етсе, 2012-2013 жылдары «Қазақстан Семей» телеарнасының жүргізуші-редакторы болды.

Ақын өмірбаяны мен шығармалары бойынша «Кім жылдам?» зияткерлік ойыны ойналады.

Кері байланыста ақын оқушылардың сұрақтарына жауап береді.

*Кәсіптік бағдар беру сабақтарында*

Өмірде адам баласы үш нәрседен қателеспеу керек екен. Соның бірі-мамандық таңдау. Бұл мектеп түлектері мамандық таңдау кезінде еңбек нарығындағы жағдаятты ескеру қажет дегенді білдіреді.

Еңбек нарығы – сатушыларға (жұмыс іздеушілерге) жұмыс табуға ықпал ететін тәсілдер, қоғамдық тетіктер мен ұйымдар жүйесі, ал сатып алушыларға (жұмыс берушілерге) өндірістік-коммерциялық қызмет жүргізі үшін жұмыскерлер табу.

Қазіргі заманғы еңбек нарығына тән сипат экономиканың жұмысшы мамандықтарына қажеттілігі болып табылады. Қазіргі уақытта кәсіпорындардың құрылыс, көлік, сауда кадрларына қажеттілігі шамадан артық. Сонымен қатар, еңбек нарығында мұнайды қайта өңдеу, көмір өнеркәсібі мамандықтарына қажеттілік жоғары.

Экономиканың мына салаларына келесі мамандықтар: электрогазпісіруші, қолмен дәнекерлейтін электрпісіруші, ағаш өңдеу станокшы, ұста, аспаз, наубайшы, азық-түлік (азық-түлік емес) тауарларын сатушы, бұрғылау құрылғыларында машинист, эксплуатациялық және барлау ұңғымаларын бұрғылаушы және т.б. жатады. Егер сіз осы мамандықтардың бірін таңдасаңыз, онда жұмыссыз қалмайсыз.

Жұмыс берушілер бірнеше аралас мамандықтарды меңгерген үміткерлерге басым беретінін атап өтіп кету керек. Бүгінде кәсіптік білім беру ұйымдарында бір мезетте бірнеше аралас мамандықтарды меңгеруге болады. Мысалы, сіз әрлеуші және құрылыс жұмыстары шеберіне оқуға шешім қабылдасаңыз, онда оқыту процесінде Сіз: сырлаушы, сылақшы, қасбетші, кафельші деген мамандықтарды меңгересіз.

Кейде мамандықты таңдаушы таңдаудың басқа факторларын ескермей, ересектер үшін маңызды мамандыққа бағыт береді. Табысты адамдармен



кездесулер, тіпті химия мен әдебиет бойынша оқыған қарапайым лекциялар білім алушылардың болашақ мамандығын саналы таңдауына түрткі болуы мүмкін. Бұл қазіргі балалар үшін өте маңызды: олар өздерінің біліміне, қабілеттеріне, мүдделеріне ғана емес, сонымен бірге олар өмір сүрген қоғамға, табысқа қол жеткізген адамдарға еліктеп өмір сүреді.

Мысалы, мектептегі «100 Жаңа есім» жобасы жеңімпаздары қатысуымен өткізілген іс-шараларда оқушылар олардың өміріне қызығушылық танытады. Білім алушыларда кәсіптік құзыреттілікті дамыту технологиялары мынадай іс-шараларда жүзеге асырылады. Мәселен:

- кездесу сабақ;
- тәрбие сағаты;
- сынып сағаты;
- семинар сабақ;
- пресс-конференция сабақ;
- дебат сабақ;
- дөңгелек үстел;
- әкелер кеңесі;
- аналар кеңесі;
- іскерлік және рольдік ойындар;
- кәсіптік тренингтер және т.б. жатады.

Сабақ түрі: кездесу сабақ.

Кездесу қонағы табысты кәсіпкер Исламбек Салжанов.

Мақсаты: оқушыларға еңбек құқығы түсінігі, еңбекті қорғау, еңбек шарты туралы түсіндіру.

Қатысушылар: 10-11 сынып оқушылары.

Мұғалімнің кіріспе сөзінен кейін.

Оқушылар әзірлеген слайд-презентация көрсетіледі.

Исламбек Төлеубайұлы – «Алтын қыран» халықаралық қайырымдылық қорының құрылтайшысы және президенті.

Ол сондай-ақ, қазақстандық кәсіпкер, меценат және қоғам қайраткері. «Алтын Қыран» компаниялар тобының бас директоры және «Altyn Kugan» халықаралық қайырымдылық қорының Президенті.

Қазақстан Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасының Президиум мүшесі, Ақтөбе облыстық кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесінің төрағасы.

«Altyn Kugan» халықаралық қайырымдылық қорының құрылтайшысы және президенті. Қордың басты мақсаты – отандық мәдениеттің, ғылым мен білімнің дамуына үлес қосу, қоғамда мемлекеттік тілді, салауатты өмір салтын насихаттау, сондай-ақ, дарынды балаларды қолдау, ардагерлер мен мүгедектерге, жетім балаларға қол үшін беру. ҚР Президентінің Жарлығымен "Құрмет" орденімен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» медалімен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» медалімен марапатталған «Алтын жүрек» Ұлттық Қоғамдық Сыйлығының 2011 жылғы «Жыл компаниясы» номинациясының жеңімпазы; ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынатын «Білім Меценаты – 2012» алтын медалінің иегері;

Ernst&Young халықаралық аудиторлық компаниясының Қазақстандағы өкілдігі ұйымдастырған «Жыл кәсіпкері - 2012» (Entrepreneur Of The Year Award) халықаралық байқауының «Экономикалық интеграцияны дамыту» аталымы бойынша жеңімпазы.

Негізгі бөлім. Кездесу қонағы сөз сөйлеп. Өзінің қалай табысты кәсіпкер атанғанын әңгімелейді. Жетістіктерін көрсетеді.

Сонымен қатар мынадай тақырыптарды түсіндіреді:

1. Еңбек құқығы түсінігі.
2. Еңбекті қорғау.
3. Еңбек шарты.

Кері байланыста оқушылар қойған сұрақтарға жауап береді.

Осындай кездесулерді басқа форматта ұйымдастыруға болады. Оны педагог жеке шеберлігіне қарай таңдайды.

*Мектеп кітапханасы*

Сабақ түрі: онлайн-конференция сабақ

Конференция қонағы: Нұржан Нұрланұлы – IT маман, кітапханашы, ақпараттық жүйелер бойынша маркетинг. «100 Жаңа есім» жоба жеңімпазы.

Сабақ әдісі: ақпараттық-насихаттау сағаты

Сабақ мақсаты: білім алушыларға «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде кітапхана қызметі жүйесіне енгізілген жаңалықтарды түсіндіру.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: бүгінде Қазақстандық Ұлттық электронды кітапхананы жасаушылардың бірі Нұржан Нұрланұлы Жолдыбалиновтың жаңалығын оқырман оқушыларға үйрету маңызды. «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында өркениетке ұмтылған жастар үшін кітапхана қызметін цифрландыру аса маңызды. Елімізде осы бағытты жүзеге асырушы, «100 жаңа есім» жобасы жеңімпазы Нұржан Нұрланұлы Жолдыбалинов.

Ол Астана қаласындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасы басшысының ақпараттық ресурстар бойынша жетекшісінің орынбасары, Қазақстандық Ұлттық электронды кітапхананы әзірлеуге қатысқан ең жас IT мамандардың бірі.

Еңбек жолында, ақпараттық технология саласында да, кітапхана ісі бойынша да әрқашан өзінің жетістіктерімен және шығармашылық бастамаларымен көзге түсті, осы еңбектері үшін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі мен мәдениет, спорт және ақпарат қызметкерлері кәсіподақтарының алғыс хаттарымен марапатталды. «Кітапхана саласының үздігі» төсбелгісінің иегері.

Барысы: Онлайн конференция қонағы Қазақстандық ұлттық электронды кітапханасы бірыңғай технологиялық форматында Қазақстан кітапханаларының біртұтас каталогін «ҚазҰЭК бірыңғай автоматтандырылған кітапханалық ақпараттық жүйесі» жұмыс үстелін құру жайында түсіндіреді. Бірыңғай онлайн-каталог, бірыңғай электронды толықмәтінді мәліметтер базасы, құжаттарды электронды жеткізу, корпоративті виртуалды анықтама қызметін үйретеді.

Кері байланыста сұрақтарға жауап берді. Онлайн сабаққа бір мезетте бірнеше мектеп оқушылары қатыса алады.

Кітапханада өзге де жоба жеңімпаздарымен төмендегідей іс-шаралар жүргізуге болады:

1. Тұрақты, жедел және виртуальды көрме.
2. Көрме жанындағы әңгіме.
3. Ақпараттық-танымдық сағат.
4. Шығармашылық кездесу сағаты.
5. Оқырман бенефисі.
6. Пікір алмасу.
7. Дөңгелек үстел.
8. Онлайн-конференция.
9. Викториналық ойын.
10. Виртуалды саяхат.

#### *Сынып сағаты*

Мектептегі әрбір мұғалімге оқу процесін ұйымдастырудың негізгі формасы сыныптық-сабақ екендігі түсінікті. Сол секілді орта мектептегі оқушылар мен ұйымдастыратын тәрбие жұмысының негізгі формасы – сынып немесе тәрбие сағаты деп аталады. Сынып сағатын өткізу барысында оқушылардың танымдық белсенділігі артады, іскерлік дағды қасиеттері қалыптасады. Сынып сағаты мынадай тәрбиелік қызмет атқарады: ағартушылық, бағыттаушылық, болжамдылық және қалыптастырушылық.

Сынып сағатының ағартушылық қызметі оқушылардың оқу бағдарламасында қамтылмаған білімдерінің көлемін кеңейтеді. Яғни, онда қарастыратын нысана өмірдің барлық құбылысын қамтиды.

Болжамдылық қызметінде ақиқат өмірге белгілі бір қарым-қатынасты қалыптастыру, оларда белгілі бір заттық және рухани құндылықтарды жасау болады.

Бағыттаушылық қызметі оқушылардың өмірін шынайы практикалық әрекетке бағыттауға көмектеседі.

Қалыптастырушылық қызметі де жоғары аталған 3 қызметтің орындалуымен байланысты және оқушылар ойланып істеу және өздерін, сонымен бірге өздерінің өмірін бағалауды дағдыға айналдыруды, қалыптастыруды, топпен диалог құра білу біліктілігін тәрбиелеу, өзінің пікірін қорғай білуді көздейді.

Сынып жетекшісі, тәрбиешілердің атқаратын қызметтері:

- ұйымдастырушылық (сынып сағаттарын, сауалнамалар, экскурсия, т.б. ұйымдастыру);
- тәрбиелілік (оқушылардың қабілеттерін кез келген әдіспен тәрбиелеу, қалыптастыру, дамыту);
- ынталандыру (балалардың іс-әрекетін ынталандыру);
- коррекциялау (қайта түзету);
- диагностикалау (тәрбиелік деңгейін, қызығушылығын, көзқарасын анықтауға болжамдық зерттеулер жүргізу).

- психопрофилактика (психологиялық кеңестер беру, жеке жұмыс жасау).

Сынып сағатын өткізу әдістемесіне оның мақсатын, міндеттерін, мазмұнын, оқушылардың қабілеттерін анықтаудан басталады.

Сынып сағатына дайындық барысында оқушылар сурет салады, альбом жасайды, слайд-презентация, бейнебаян әзірлейді.

Сынып сағатында әр түрлі әдістер қолданылады:

1. «100 Жаңа есім» жеңімпаздары туралы бейнебаян көру.
2. Жоба жеңімпаздарымен кездесу ұйымдастыру.
3. Әңгіме, сауалнама жүргізу.
4. Тақырыптық газет және журнал материалдарын оқу.
5. Кәсіптік дәрістер тыңдау, талқылау т.б.

Сынып сағаттарын басқа форматта ұйымдастыруға болады. Оны педагог жеке шеберлігіне қарай таңдайды. Мәселен:

1. Дөңгелек үстел.
2. Шығармашылық кездесу сағаты.
3. Насихат сабағы.
4. Ерлік сабағы.
5. Онлайн-конференция.
6. Виртуалды саяхат сабақ т.б.

*«100 жаңа есім» жобасы: Табысты адам деген кім?»*

Мақсаты:

- білім алушыларға «100 жаңа есім» жобасы жеңімпаздары өнегесімен Қазақстандағы табысты адамдар туралы түсінік беру;  
- өмірде табысқа жету үшін қандай асыл қасиеттерді меңгеру керек екенін зерделеу.

**Көрнекіліктер:** экран, компьютер, слайд-презентация, білім алушыларға арналған «табысқа қарай тоғыз қадам» жадынамасы.

Эксперимент үшін: мөлдір құмыра, ірілі-ұсақ тастар, құм.

«Шуақты күн» - күн, адам шапағатының шұғыласы, желім.

Сынып сағатын жоспарлау:

*Ұйымдастыру сәті.* Сабақтың мақсаттарын белгілеу.

*Теориялық бөлім.* Материалды түсіндіру.

*Тәжірибелік бөлім.* Бизнес ойын.

Сабақтың нәтижесі.

Сабақтың барысы:

- Мен бүгін Қазақстанда басталған «100 жаңа есім» жобасының жеңімпаздарының бірнешеуінің портретін көрсетумен әңгімемізді бастағым келеді.(слайдта жоба жеңімпаздарының портреттері). Сіз әлемде әрқашан табысқа жететін адамдар бар екенін білесіз бе? Сіздерге таңғажайып заманауи кейіпкерлер туралы айтып бергім келеді.

«100 жаңа есім» жобасының жеңімпаздары тізімінде «мүмкіндігі шектеулі» адамдар да аз емес. Олар адамның шын мәнінде өздерінің сүйікті ісімен айналысуға мүмкіндіктері шексіз екенін дәлелдеді.

Ұлы жеңіс тарихы деп Астана қаласы мемлекеттік академиялық филармониясының солисі, композиторы Калыкова Саида Тұрарбекқызының өмірін айтуға болады.

Саида бірінші сыныпқа барған кезінде әке-шешесіне айтпай-ақ музыка мұғаліміне жазылады. Ол аз уақыттың ішінде фартопианода еркін ойнайтын дәрежеге жетті. Бірақ 1994 жылғы операциядан кейін үздік оқушы көру қабілетінен айырылды.

Басына түскен қиындыққа қарамастан, Саида музыкамен айналысуды жалғастыра берді. 12 жасында өзінің алғашқы музыкалық концертін береді. 15 жасында алғашқы музыкалық шығармаларын жазған еді.

Менің әңгімем адамдарды бақытты етуге ынталандырады деп үміттенемін. Ешқашан тоқтамау керек, тек қана алға жүру керек, - дейді ол.

Саида қазақ, орыс, ағылшын, сондай-ақ испан және француз тілдерінде еркін сөйлейді. Бүгінгі таңда ол қоғамдық өмірге белсене қатысып, бүкіл әлемдік қайырымдылық шараларына қатысады. Қазақстан, Ресей, Италияда жеке концерттерін өткізген. Саиданың 15-20 шақты жеке шығармалары бар.

Ол Италияның Киоджи қаласындағы шеберлік сыныбына қатысқан еді. Мектептік бағдарлама бойынша Сан-Бартоломедағы конкурсқа қатысып екінші орын алады. Саиданың өнердегі жетістіктері көп. Мынадай республикалық және халықаралық конкурстардың лауреаттары: «Джованни Таленти» Италия-2008ж., «Шаг навстречу» - Ресей-2009 ж.; Конкурс пианист-композиторларға арналған. К. Филча - Румыния (2009 ж.).

«100 жаңа есім» жобасы жеңімпазы Нұржан Нұрланұлы Жолдыбалинов. «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында өркениетке ұмтылған жастар үшін кітапхана қызметін цифрландыру аса маңызды. Елімізде осы бағытты жүзеге асырушы,

Келесі қаһарманымыз режиссер Азиз Заиров. Азиз кішкентай кезінде дәрігерлер туа біткен жүрек ауруын анықтаған. Балаға шұғыл ота жаслуы тиіс еді, алайда әкесі баласының пышаққа түскенін қаламай, ерікті түрде бас тартып, қолхат жазады. Осылайша, екі жасар Азиз бен оның әпкесі, қарындасы үшеуі балалар үйінен бір-ақ шығады.

Азиз балалар үйінде тәрбиеленушісі, екінші топтағы мүгедек жан, өзінің шығармашылық қабілетімен мүмкіндігі шектеулі балаларға көмектесуде. Азизді студент кезінде-ақ МБАҚ оңалту орталығының (Мүгедек балалардың ата-аналары қауымдастығы) шығармашылық шеберханасы үйлестіруші ретінде жұмысқа шақырады. Сол кезден бастап Азиз мүмкіндігі шектеулі жандармен жұмыс істей бастайды. Олармен тез тіл табысып, достасып кетеді. Азиз аталмыш орталықты жұмыс істеп жүргенде оның ең жақын адамы көз жұмады. Тағдырдың осындай ауыр соққысына төзе алмаған депрессияға ұшырайды. Бірақ, бұл ұзаққа созылмайды. Азиз өз-өзіне келіп, өмірін қайта жөнге келтіреді.

«Сіздің құлағаныңыз маңызды емес, көтерілгеніңіз маңызды. Ең бастысы, жүрегінде сүйіспеншілікпен өмір сүру. Сізге ешкім сенбесе де, алға қарай жалғастыру керек», - деп кеңес береді Азиз.

Режиссёр-сценарист Азиз Заировтың шығармашлығынан туған жұмыстары көп болмаса да, экранға шыққан сәттен бастап, көрермендердің жүрегіне жол таба алды. Тіпті бірнеше беделді фестивальдерде жүлделер иеленді. Азиздің еңбектерінде көрініс тапқан жанр деректі кино емес, бұл – ерекше жанр, бұл – өмірлік фильмдер. Олар жақсылыққа, сүйіспеншілікке үйретіп, мүмкіндігі шектеулі жандар туралы қалыптасқан стереотиптерді бұзуға, зорлық-зомбылық пен немқұрайлылыққа қарсы тұруға көмектеседі.

Жоба жеңімпаздарының басым бөлігі 40 толмаған жастар. Бірақ олардың өмірі өзге адамдардың бүкіл ғұмырында жасай алмайтын табыстар мен жетістерге толы.

Мұғалім:

- Осы адамдарға мұқият зейін аударып, олардың арасындағы ортақ нәрсені айтып беріңізші? Оларды не біріктіреді?

(Оқушының жауабы)

- Жарайсыңдар! Шынында да, бұл адамдардың барлығы да өмірде зор табыстарға қол жеткізді. Бүгін біз табысты адамдар туралы әңгімелестік. Олар не ұнатады? Табысты адам болу үшін.

- Қойылған сұрақтарға жауап беру үшін біз «табыс» деген ұғымның не екенін түсінуіміз керек.

- «Табыс» сөзімен байланыстыратын сөздерді атаңыз.

(оқушылар жауап береді: жеңіс, бақыт, сәттілік, жетістік ...)

«Табыс» (С.И.Ожеговтың сөздігіне сәйкес):

1. Бірденеге қол жеткізудегі сәттілік.

2. Қоғамды тану.

3. Оқу мен жұмыстағы жақсы нәтиже,

*Практикалық бөлім. Іскерлік ойын, топтарда жұмыс істеу.*

Іскерлік ойын.

- барлық сыныпты 3 топқа бөлуге шақырамын:

- дана адамдар;

- сарапшылар;

- тәжірибешілер.

- әр топ өз міндетін алады.

*Данагөйлер тобы үшін тапсырма:*

Аңызды сахналандыру мен саралау.

Бір дана бос құмыраны алып, таспен толтырады. Шәкірттерін жинап, оларға:

- Құмыра толы ма? - деп сұрақ қояды. Шәкірттері: - Иә, - деп жауап береді. Дана бұршақ толы банканы алып, түгелдей құмыраға құяды. Бұршақ тас арасындағы бос жерді толтырды. Сонда дана: - Енді толы ма? - деп сұрайды. Шәкірттері бас изеді. Бұл жолы дана құм толып тұрған қорапты алып, құмыраға құйды. Құм бұршақ пен тас арасынан өтіп, бүкіл бос жерді толтырды. Дана шәкірттерінен тағы сұрап, «иә» деген жауап алды. Сонда дана суға толы кесені алып, құмыраға құйды. Шәкірттері мұны көріп, күлді. Дана сонда былай дейді: - Сендерге айтайын дегенім, құмыра — біздің өміріміз. Тас — өміріміздің басты бөліктері: балалар, отбасы, достар, денсаулық. Бұршақ — бізге қуаныш сыйлайтын дүние, бірақ ең маңызды нәрсе емес, яғни үй, жұмыс, көлік, бағалы заттар, т.б. Құм — кез келген адам өмірінде бар ұсақ-түйек нәрселер. Егер басында құмыраны құмға толтырсаңыз, бұршақ түгілі тасқа да орын қалмайды. Өмірде де солай: ұсақ-түйекке уақыт жұмсасаң, бастысына уақытың жетпейді...

- Адам өмірінің мағынасы және бізге табысқа жетелейтін нәрсе туралы ойланыңыз?»

*Тәжірибешілер бөліміне арналған тапсырмалар:*

-Табысты тұлғаның бейнесін қалыптастыру. Табысты тұлға деген кім ?

- Замандастар немесе сіз табысты деп санайтын кез-келген сыныптастар.

(тәжірибешілер тобы сөйлегенде слайдты көрсетіңіз)

*Сарапшылар бөліміне арналған тапсырмалар:*

- Табысты болу үшін қажетті қабілеттерді таңдау арқылы «Шуақты күн» жасау.(парта үстіне қабілеттер көрсетілген кесінді қағаздармен). (сарапшылар тобы сөйлегенде слайдты көрсетіңіз)

Ал енді, психологтардың көзқарасы бойынша табысты адам үшін қажетті 5 қабілетті тыңдаңыздар:

1. Амбициялы адамдар.

Олар өздерін үздік санатында сезінеді. Олар шешімдердің дұрыстығына еш күмәнданбайды, өз қабілеттерін дамытады. Сіз өзіңізді жақсы жаққа өзгерте алатыныңызды білуіңіз керек.

2. Батыл адамдар.

Ол адамдардың көпшілігінде кездесетін қорқынышты жеңу үшін жұмыс істейді. Сіздің жетістіктеріңіздің ең ірі екі жауы - қорқыныш пен күмән. Қорқыныш пен күмәнді жою - табысқа жетудің кілті.

3. Олар өздеріне және жұмысына сенеді.

Әр салада табысты адамдар жұмыс істейді, олар өз жұмыстарына толығымен жауап береді. Олар өздеріне сенеді; олар өз компанияларына сенеді; олар өз өнімдері мен қызметтеріне сенеді; олар өз клиенттеріне сенеді; Олар өте үлкен сенімге ие.

4. Олар кәсіби.

Олар үнемі оқып, жетілетіндіктен кез-келген бизнесте кәсіби болып табылады. Олар өмір бойғы шәкірттер. Кәсіпқойлар ешқашан жаңа нәрселерді

үйренуді тоқтатпайды. Олар кез-келген жағдайға дайындалады, әрбір іскерлік кездесулер алдында сұрақтарды қарастырады.

5. Олар жауапты.

Олар өздерін жеке қызмет көрсету корпорациясының президенті деп санайды. Ең үлкен қателік - өзімізден басқа біреуге жұмыс істейтінімізді ойлау. Сіз өзі өміріңіздің президенті деп ойлаңыз.

- Сонымен қатар олар айтады. Әр адам өзіне қажетті деп санаса, өз қалауынша сол қасиеттерді дамытады.

Бір ұлы адам былай деген:

« Табыс 1% сәттіліктен, 99% екпінді еңбекпен келеді».

- Табысты адамдарда мынадай ұран бар:

Жеңімпаз сол – егер құлдыраулардан бір рет артық көтерілген адам.

Бұл сөздерді қалай түсінесіз?

(Табысқа жету жолында өзіңіздің күшіңізге, сеніміңізге сену маңызды)

- Ең бастысын есте сақтаңыз: қателесуден қорықпа. Есіңізде болсын: ештеңе жасамаған адам ғана қателіктер жасамайды.

*Дербес ойға шому әдісі:*

- Балалар, бірнеше секунд көзімізді алақандарымызбен жабайық және қандай қасиеттермен табысты болу керектігі туралы мұқият ойланып көрейік.

- Табысты тұлға - мақсатшыл адам.

- табысты болу үшін, мен сіздерге көбелек формасында «табысқа қарай тоғыз қадам» жадынамасын таратамын.

1. Өзінді жолы болмаушы адам болғыңыз келмейтінін айтыңыз.

2. Нақты мақсаттарды белгілеп, іс-қимыл жоспарын жасап, алға қарай жылжуды бастаңыз.

3. Уақыт жоқ деп шағымданбаңыз.

4. Бәрі де ойдағыдай екеніне өзіңізді бейімдеңіз ...

5. Қателеріңізді талдап, олардан сабақ алыңыз.

6. Нәтижелерге қол жеткізу сәтінде ғана емес, жұмыс барысында, қиындықтарды жеңуде қанағат алуды үйреніңіз.

7. Өзіңе сеніңіз.

8. Өзіңізді шабыттандырыңыз.

9. Сіздің табыстарыңыз бен достарыңыздың жетістіктеріне шын жүректен қуаныңыз.

- Көбелектерге өз арманыңызды жазыңыз. Және ол міндетті түрде орындалсын!

- Сіздермен сөйлескенім бір ғанибет болды. Әрқайсыңыз қазір табысты болды, ал болашақта түрлі іс-шараларға биік деңгейге жетеді деп үміттенемін! Мен сіздерге сенемін! Есіңізде болсын, бәрі сіздің қолыңызда!

